



**АЛЫП
ЕЛДЕР
НАЗАРЫ
АЭС-та**

5-бет



**АБЫРОЙ
БИГИНДЕ**

6-бет



**ХАС
СҰЛУДЫҢ
ЖАЗЫҒЫ
НЕ?**

8-бет

ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru
№92 (3623) 5 желтоқсан 2023

ZANMEDIA.KZ Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ СОТЫНА – 85 ЖЫЛ

6 ЖЕЛТОҚСАН –
ҚР ПРОКУРАТУРАСЫ КҮНІ

ЗАҢСЫЗДЫҚҚА ЖОЛ БЕРМЕУ - БАСТЫ МІНДЕТ



1991 жылғы 6 желтоқсанда «Қазақ ССР прокуратура органдарының бірыңғай жүйесін құру, олардың дербестігі мен тәуелсіздігін қамтамасыз ету туралы» қаулы қабылданды. Осы күннің құрметіне күнтізбеде жаңа мереке – Прокуратура күні пайда болды.

Прокуратура органдарының тарихы сонау ежелгі заманнан бастау алады. Мемлекеттік басқарудың жоғарғы органы тапсырмаларының орындалуын қадағалау міндетін жүзеге асырған алғашқы мемлекеттік институттардың бірі – Сайонат деп аталды. Біздің жыл санауымыздағы V ғасырда сайондар патшаның елшісі ретінде Остгот патшалығының аумағында тапсырмаларды орындау бойынша қадағалау міндетін атқарды. Өртүрлі істер жүктелген олар негізінен жергілікті басқарушылар мен шенеуніктерді бақылауды басты қызметі санады.

Прокуратура алғаш рет Францияда 1302 жылы монархтың мүддесін қорғайтын орган ретінде құрылды. Патшаның «көзі» саналған прокурордың көмегімен ол мемлекеттік механизмнің жұмысын бақылай алды.

Кеңес үкіметінің тұсында 1933 жылы маусым айында жаңадан құрылған прокуратура органдарында жазалау функциясы басым болды.

Ал, мемлекетіміз тәуелсіздік алып, өз алдына ел болғалы прокуратура органдары біршама өзгерістерге ие болды. Атап айтқанда, прокуратура органдарының негізгі қызметі Ата Заңымыздың 83-бабында айқындалған.

(Соңы 4-бетте)

«СЫР СОТТАРЫ - ӘДІЛДІК АЙНАСЫ»

Қыстың алғашқы күні Алаштың бұрынғы астанасы, Сыр өңірінің бас қаласы Қызылордада облыстық соттың 85 жылдық мерейтойы қорытындыланды. Айтулы мереке ресми жиынмен ғана шектелмеді. Мерейтой құрметіне ұйымдастырылған маңызды шаралар қалалық, аудандық соттарда жыл бойы жалғасын тауып, тек соттардың емес, жалпы жұртшылықтың рухын көтерді.

«Жаңа Қазақстандағы сот жүйесін жетілдіру» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция, судьялар арасында құқықтық турнир, БАҚ өкілдеріне арналған «Сот репортері» байқауы ұйымдастырылды. «Сыр соттары – әділдік айнасы» атты шығармашылық байқауда судьялар мен сот қызметкерлері бақ сынаса, өңірдегі құқық қорғау органдарының қызметкерлері футбол мен волейболдан сайыс өткізді. Бұған қоса Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің 3-4 курс студенттері арасында «АДМ-ПРОЦЕСС-2023» әкімшілік рәсімдік процестің үздік білгірлері» кәсіби шеберлік конкурсы өткізілді.

(Соңы 2,3-беттерде)



МӘСЕЛЕ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕ ЖЕКЕ МҮДДЕ БОЛМАЙДЫ

Халық мүддесін қара басынан жоғары қойып, азаматтық ұстанымдарынан елдік мұратты биік санайтын бір қауым бар. Ол – мемлекеттік қызметшілер. Билік пен бұқара арасына дәнекер болатын, халыққа қызмет етуге бар күш-жігерін сарп ететін де осылар. Мемлекет жолында отқа жанбайтын, суға салсаң, батпайтын да мемлекеттік қызметшілер. Дейтұрғанмен, бес саусақ бірдей болмайтындығы секілді, бұл топ ішінде де басбұзарлар кездесіп жатады.

Бүгінгі жазбамыз, қызметтік жауапкершілігіне салғырттық танытып, берген антына адалдықпен жауап бере алмаған, оңай олжа үшін көзсіздікке барған бір топ мемлекеттік қызметшілер туралы. Қазакең, «Ет сасыса, тұз себесің. Тұз сасыса, не себесің?», – дейді. Бұл шарасыздан яки амалсыздан айтқаны белгілі. Билігіміздің бет-бейнесіндей болған «қызметкерлер» бүлінсе, қайтпекпіз?

2023 жылдың басынан бері 842 мемлекеттік қызметкер қылмыстық құқықбұзушылық жасап, жауапқа тартылған. 2022 жылы 886 мемлекеттік қызметкер қылмысқа барған. Мемлекеттік қызметкер – еліміздегі билік жүйесінің бет-бейнесі екенін ұмытпағанымыз абзал. Ба-

лық басынан шіриді ме? Қош, әлгі қылмыскерлердің қай тұста тұтылғанын тарқата жазайық. Заң бұзғандардың ішінде пара алу дерегі көп. Қолында билігі бардың қалтасы сөйлейді дейміз бе? Жыл басынан бері жолынан жығылғандардың жалпы саны 842 болса, оның 22,6 пайызы сыбайлас жемқорлыққа жол бергендер. Өткен жылға қарағанда бұл статистика 4,4 пайызға көп. Биылғы көрсеткіш – 190 мемлекеттік қызметкер. «Қалауын тапсаң қар жандырамын» дейтіндер де көп көрінеді. Биыл мемлекеттік қызметпен қатар алаяқтықпен де айналысып жүргендер яки ұсталғандар 167 адамға жеткен. 2022 жылға қарағанда 20,1 пайызға артық. Үздік үштікті, «Сеніп тапсы-



рылған бөтен мүлкті иемденіп алу немесе талан-таражға салу» дерегі бойынша анықталған «қылмыскерлер» түйіндейді. Олардың саны – 107 адам. Сондай-ақ, азаптау ісі бойынша – 39, лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану ісі

наградларды қолдан жасау, дайындау немесе өткізу ісі бойынша – 16 және басқа да түрлі қылмыстық істер бойынша 194 мемлекеттік қызметкер жауапқа тартылған.

(Соңы 5-бетте)

бойынша – 31, әскери қызметкерлер арасында бағыныштылық қатынастары болмаған кезде олардың өзара қарым-қатынасының жарғылық ережелерін бұзу ісі бойынша – 31, көлік құралдарын басқаратын адамдардың жол қозғалысы немесе көлік құралдарын пайдалану ережелерін бұзуы – 29, 367 – бап негізінде пара беру ісі бойынша – 21, қызметіне салғырттық таныту ісі бойынша – 17, жалған құжаттарды, мөртабандарды, мөрлерді, бланкілерді, мемлекеттік пошта төлемі белгілерін, мемлекеттік

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мерейтойға осы аймақта еңбек еткен судьялар мен сот ардагерлерін түгел шақырған қызылордалық қазылар қауымы қарттарды қадірлеудің айрықша үлгісін көрсетті. Тіпті, 85 жылдық мереке зейнет жасындағы аға-апаларымыздың қуанышын еселей түсуге арналғандай сезім қалдырды.

Нартай Бекежанов атындағы драма театрда болған салтанатты шарада облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, облыстық соттың төрағасы Әділхадиди Шығамбаев, Қазақстан Республикасы Судьялар одағы орталық аппаратының мүшесі В.Борисов, Жоғарғы Соттың отставкадағы судьясы Сембек Баймаханов аймақ соттарының еліміздің сот жүйесінің дамуына қосқан үлесін ерекше атап, соттың бүгінгі дәрежеге жету жолында бар күш-жігерін жұмсаған сот ардагерлері мен судьяларға түрлі марапаттар, яғни, құрмет грамоталары мен алғыс хаттар, медальдар, төсбелгілер тапсырды.

Атап айтар болсақ, сот жүйесінің құрметті ардагері, Қызылорда облыстық сотының отставкадағы судьясы А.Әнуарбеков «Құрметті судья» атағына ие болды. Сонымен қатар, отставкадағы судьялар М.Имандосов пен Ф.Шығысова III дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін», Қызылорда облыстық сотының судьялары Б.Қалымбет I дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін», Ш.Маликова II дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» медальдарымен марапатталды.

Ал, Қазақстан Республикасы Судьялар одағының «Жеті жарғы» төсбелгісі отставкадағы судьялар Н.Бесбаева, Б.Қиязов, облыстық соттың судьялары С.Жуынтаева, К.Қаниева, Н.Өміртайұлының және Қызылорда облысының кәметке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы С.Жаппасбаевтың төсінде жарқырады. Бір сөзбен айтқанда сот саласының құрметті ардагерлері мен судьяларға марапат жауып, алғысқа бөленген жыл болды.

Еңбек – ерді, ер – елді көгертеді

«Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын» демекші, салтанатты жиында Әділхадиди Шығамбаевтың Қызылорда облыстық сотының бұрынғы төрағаларының еңбектеріне жеке-дара тоқталып, Қызылорданың ең көрікті жері – қала алаңында орналасқан бес қабатты зәулім ғимараттың облыстық сотқа берілуіне Мұхтар Есіркепұлының бірден-бір себепкер болғанын, бұл мақсатта төрағаның сол кездегі Үкімет басшысы Иманғали Тасмағамбетовтың жеке қабылдауына кіргенін айтты. Сонымен қатар, Мұхтар Есжановтың судья кадрларды даярлау бағытында да еңбегі ұшан-теңіз болған, сол уақыттағы жас судьялардың қазіргі таңда өз міндетін абыроймен атқаруы қызылордалықтар үшін үлкен мақтаныш.

Ал, республикада алғашқылардың бірі болып Шиелі аудандық сотының типтік үлгіде салынған ғимаратқа ие болуы Марат Сабырбаев облыстық соттың төрағасы қызметін атқарған кезеңде жүзеге асқан. Бұған қоса Марат Қалмұратұлы облыстық сот ғимаратының жөнделіп, жаңаруына мұрындық болып, қаржы мәселесін шеше білген. Әділхадиди Шығамбаев сахна төрінде Марат Сабырбаевты 70 жылдық мерейтойымен құттықтап, сый-сияпат жасады.

Облыстық сотты Марат Сабырбаевтан кейін басқарған Нұрлан Қайырбеков сот ғимаратын заман ағымына сай жөндеуге бөлінген қаржыны тиімді игеріп, өзінің бастамасымен Қармақшы, Қазалы, Арал аудандық соттарына облыстық бюджет есебінен типтік үлгідегі жаңа ғимараттар салуға қол жеткізген. «Еңбек – ерді, ер – елді көгертеді» деген осындайда көріне керек.

Алаштың ардақтысы Әлихан Бөкейханов «Бізге бірлік болып, іс қыла білетін шебер табылса, Алаштың баласы бақыт-махаббат жолына түсер еді» деп армандаған екен. Сол арманның жалғасқанын бірілгі жарасқан облыс әкімдігі мен соттарының, бір кісідей атсалысқан халқының тірлігінен анық байқа-

«СЫР СОТТАРЫ»



ЛЕБІЗ

Нұрлыбек НӘЛІБАЕВ,
Қызылорда облысының әкімі:

«Адалдық жоқ жерде ешқашан да әділдік болмайды»

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Шын мәнінде сот жүйесі тиімді болса, қоғамда заң үстемдігі берік орнығады, реформалар табысты жүзеге асырылады. Түптеп келгенде, бұл азаматтарымыздың тұрмыс сапасы мен қауіпсіздігіне оң әсер етеді» деп, сот саласында жүргізіліп жатқан реформалардың маңызын атап өткен болатын. Сот жүйесінің ең басты мақсаты – халықтың әділеттілікке деген сенімін арттыру. Халқымыз әділ билерін қашан да қадір тұтқан. Сондықтан, әділетті мемлекет құруда дұрыс әрі әділетті шешім шығаратын сот билігін қалыптастыру аса маңызды.

Алдыңғы буын ағаларымыздың тәжірибесі мен тәлімін үйлестіре білген Сыр өңірінің судьялары ел тәуелсіздігінің нығайып жолында азаматтар құқығын әділ қорғауда адалдық танытып келеді. Адалдық жоқ жерде ешқашан да әділдік болмайды. Әрбір адамның ісі мен сөзі бір жерден шықса ғана, әділдік орнайды. Қызылорда соттарының жұмысына сәттілік тілеймін, абырой-беделдері арта берсін!



лады. Салтанатты шарадан облыс өнерпаздары да тыс қалмай, ән мен жырға, биге көмкеріп, Сыр елінің жыр-термешілері көпшіліктің құлақ құрышын қандырды.

Шара барысында аға буынмен сұхбаттасып, әңгімесін тыңдаған жастардың жанарында от ойнады. Мерейтойды Сыр өңірі соттарының ұрпақтар арасындағы сабақтастық пен үйлесімге басымдық бере отырып ұйымдастыруы болашақ үшін маңызды.

Тарихтан тағылым

Жоғарыда айтып өткеніміздей, 85 жылдық мерейтой аясында атқарылған шаралар саналуан. Олардың әрқайсысының қазіргі және келер ұрпақ үшін тәрбиелік мәні зор. Қазақ билері, олардың өнегелі істерін жалғастырушылар бүгінгі облыстық соттар тарихы, сондай-ақ, сот төрелігін әділ атқаруға бар ғұмырын арнаған сот ардагерлері мен қазіргі таңда қызметте жүрген судьялар, бұрын аймақ соттарында жұмыс істеп кеткен қазылар еңбегі қамтылған «Сыр өңірінің сот билігі» кітабының орны бөлек. Кітаптағы әрбір тақырыптың, мысалы, «Ежелгі дәуірдегі заңдар және сот үкімі», «Егемен Қазақстанның тәуелсіз сот билігі», «Тарихтан тағылым», «Олар мәңгі есте» деп аталатын тарауларының қай-қайсысы болсын қамтылған құнды мәліметке толы. Тағылымы мол жанақты құрастыруда Әділхадиди Шығамбаев бастаған редакция алқасы «Өткенге құрмет – бүгінге міндет» бағытын ұстанған.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетімен бірігіп өткізілген «Жаңа Қазақстандағы сот жүйесін жетілдіру» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға Ресей халықтар достығы, Ташкент мемлекеттік заң, Л.Гумилев атындағы Евразия ұлттық, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеттерінің профессор ғалымдары мен өзге де заңгерлер, судьялар қатысты. Тақырыбы айтып тұрғандай, конференцияда қазақстандық сотты одан

ЛЕБІЗ

Әділхадиди ШЫҒАМБАЕВ,
Қызылорда облыстық сотының төрағасы:

«Қартын сыйлағанның қасиеті артар»

Қызылорда облысы елге аянбай қызмет жасайтын талай азаматтарды дүниеге әкелген құтты мекен. Сыр өңірінің сот жүйесінен түлеп ұшып, саланың дамуына сүбелі үлес қосқан, сот тарихында аты алтын әріптен жазылған жандар жетерлік. «Қартын сыйлағанның қасиеті артар» демей ме дана халқымыз, сол кісілердің барлығына сый-құрметімізді көрсетіп, қуантуға тырысып жатырмыз. Судья абыройлы лауазым. Кез келген заңгер армандайтын құқықтық мансаптың биік шыңы. Қазіргі судья кешегі би. Сот жүйесінің сапасын көтеріп, халықтың сенімін арттыру барлығымызға ортақ мақсат. Алдымызға қойған мақсатымызға жету үшін бар күш-жігерімізді саламыз.

әрі дамытудың түйінді мәселелері қозғалып, оларды оңтайландыру жайлы ой-пікірлер, жүзеге асырылып жатқан реформалар ортаға салынды.

Мамандар марапатталды

«Ерліктің еленгені, еңбектің ақталғаны жақсы» демей ме халқымыз. Қазақстандық сот жүйесінің өсіп-өркендеуінде қатардағы қызметкерлердің де еңбегі өлшеусіз. Білім-білігі, өмірлік тәжірибесі мол ардагерлердің тәлім-тәрбиесін өнеге тұтып, облыстық сот беделінің асқақтауына атсалысып жүрген мамандар 85 жылдық мерейтойда ескерусіз қалмады. Оларды облыстық сот ғимаратында өткен арнайы жиында ҚР Сот әкімшілігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы Сағатбек Сүлеймен марапаттады.

Сот әкімшілігінің Қызылорда облыстық департаменті басшысының орынбасары М.Асанова, Жаңақорған аудандық соты әкімшісінің басшысы Б.Нәлібаева, Арал аудандық соты әкімшісінің басшысы З.Сермағамбе-

това, Қызылорда қалалық №2 соты әкімшісінің басшысы М.Жүсіпбекова, департаменттің құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімінің бас маманы М.Жаңабегенова, Қызылорда облысы кәметке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты әкімшісінің бас маманы-сот отырысының хатшысы А.Жұмағамбетова, Арал аудандық соты әкімшісінің бас маманы Қ.Өтепбергенов, Арал аудандық соты әкімшісінің бас маманы-сот отырысының хатшысы Б.Икина, Жалағаш аудандық соты әкімшісінің бас маманы Г.Байкенжеева ҚР Судьялар одағының «Сот жүйесінің белсенді қызметкері» төсбелгісін алды.

Аталған департаменттің ұйымдастыру-талдау бөлімінің басшысы Г.Сұлтановаға, осы бөлімнің бас маманы С.Сейілге, Сырдария аудандық сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы Г.Пірімбетке «Сот жүйесінің үздігі» төсбелгісі тағылды.

III дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» медаліне Арал аудандық соты әкімшісінің ардагері Ш.Абилова, Қызылорда қалалық сот әкімшісінің басшысы Н.Дүйсенова,

Кәсіби қарым-қабілет сыңға түсті

Облыстық соттың 85 жылдығында өңір судьялары мен сот мамандары да бір серпіліп, өздерінің білім-біліктері мен қарым-қабілеттерін кәсіби тұрғыда сыңға салды. Облыс соттары құқықтық турнирде, ал, судьялар мен сот қызметкерлері «Сыр соттары – әділдік айнасы» атты шығармашылық байқауда жарысқа түсті.

Судьялардың креативті ойлауын дамыту мақсатында ұйымдастырылған турнирге Қызылорда қалалық, Байқоңыр қалалық, Қазалы, Сырдария аудандық соттарынан құралған «Самұрық», №2 қалалық, мамандандырылған қылмыстық, кәметке толмағандар істері жөніндегі соттар, Тергеу және Арал, Қармақшы соттарынан тұратын «Аралас-Court», мамандандырылған әкімшілік, экономикалық, әкімшілік құқық бұзушылық, Жаңақорған, Шиелі, Жалағаш аудандық соттарының атынан «Қыран» командалары қатысты.

Сәлемдесу, сергіту, әділдік пен заңдылықты ұштастыру кезеңдері бойынша сайысқан командалардың өздерін таныстырып, соттардың жетістіктері мен жаңашылдықтарын ән-күймен әсерлі жеткізуі шынайы шықты. Викторина түрінде өткен сергіту кезеңінде әрбір команда қойған екі сұраққа келесілерінің жылдам жауап беруі, судьялардың ізденімпаздығын байқатты. Әділдік пен заңдылықты ұштастыруда командалар билердің дау шешудегі тапқырлығы мен заңдарды қолданудағы шеберлігін, шешендігін нағыз театр әртістеріндей бейнелеуі көрермендер көңілін көтеріп тастады.

Жалпы есеп бойынша қарсыластарын басып озған «Қыран» командасы жеңімпаз атанды. Бұған қоса арнайы номинациялар тағайындалды. Арал аудандық соты-



ЛЕБІЗ

Тұрмат БАЙМАҒАМБЕТОВ,
сот жүйесінің ардагері:

«Сый-құрметке ризамыз»

Бүгінгі үлкен шара, торқалы той еңсемді көтеріп, абыройымызды асқақтатты. Сот саласының ардагеріміз, өткен аптада 85 жылдық аясында вoleyбол мен футболдан мемлекеттік қызметшілер арасында турнир ұйымдастырылды, керемет өтті. Судьяларымыз жан-жақты, өнерлі екен. Өз басым аса риза болдым. Жастарымыз өте талапты әрі талантты екен. Еңбегіміз ескеріліп мерейіміз тасыды, марапатқа ие болдық. Облыс басшысына, сот төрағасына, жалпы сот саласындағы естастарға бақытты өмір, шат көңіл тілеймін. Жұртымыз тыныш, бейбітшілік заман, басшымыз аман болсын.

Қазалы аудандық сот әкімшісінің жетекші маманы К.Уразалиева ие болды. Облыс, қала, аудандық соттардың бірқатар мамандарына Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттар тапсырылды. Облыс соттарының арасында өткізілген «Үздік сот кеңсесі» байқауында жеңіп шыққан Сырдария аудандық сотының әкімшісі Нұрхан Әбдікәрім арнайы марапатқа ие болды.

ның төрағасы Камшат Садуақасовна көпшіліктің көңілінен шығып, «Көрермен көзайымына» айналса, «Өнерлінің өрісі кең» номинациясы Шиелі аудандық сотының судьясы Айдос Жолдыбаевқа бұйырды. «Самұрық» командасы «Үздік висториналық сұрақ», «Қыран» тобы «Үлкенге құрмет» номинацияларын иеленді.

«Сыр соттары – әділдік айнасы»



ӘДІЛДІК АЙНАСЫ»



бірігіп ұйымдастырды. Бұл шара құқықтану білім беру бағдарламалары бойынша студенттерді даярлауда болашақ заңгерлердің мамандыққа қызығушылығын арттыру және дарынды жастарды анықтап, қолдауымен маңызды. Сот процесін жүргізудің теориялық білімі мен практикалық дағдыларын, икемдерін байқау студенттердің қызығушылығын оятыты.

Төрт команда қатысқан сайыс төрт кезеңнен тұрды. Студенттердің Әкімшілік-рәсімдік процесік саланы білу деңгейі анықталып, сайысушылар ситуациялық сұрақтарға жауап берді. Сайыс қорытындысы бойынша жеңімпаз командалар жұлделі орындарға ие болып, сәйкесінше қаржылай сыйлықтармен

лығын төрағасы М.Еркінбеков пен облыстық соттың судьясы Ш.Маликова марапаттады. «Сот репортері» байқауының бас жүлдесін жүзден жүйрік шыққан Әсел Нұрлыбаева, «Үздік мақала» аталымын Ержан Қожасов, «Үздік идея» аталымын Айнагүл Манабаева иеленді.

Сонымен қатар, судьялар мен сот мамандары арасында «Үздік сот кеңсесі», «Үздік сот акісі», «Үздік сот қаулысы», «Үздік сот үкімі» және «Үздік сот шешімі» сайыстары да ұйымдастырылды. Сайыста «Үздік сот қаулысы» номинациясын Қызылорда қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының судьясы Сауле Бакуова, «Үздік сот үкімі» номинациясын Жаңақорған аудандық

ЛЕБІЗ

Мұхтар ЕСЖАНОВ,
отставкадағы судья:

«Ашық билік абыройды көтереді»



85 жылдық мерейтой өте жоғары деңгейде өткізілді. Ғылыми конференцияда судьялар тәуелсіздігін нығайту туралы пікірді айттым. 2002 жылы ескі ғимаратта отыратынбыз. Сол кездегі облыс әкімі Серікбай Нұрғисаевқа кіріп жағдайымызды айттық. Халық әр жерге бармай облыстық соттан бастап барлық соттар бір ғимаратта отырсын. Ел әділдікті, билікті бір жерден тапсын дедім.

Қаладағы соттардың барлығы осы ғимаратта отырғандықтан «Сот билігі сарайы» деген атау келді ойыма. Сот ғимаратын қаланың дәл ортасына көшіру қауіпті дегендер де болды. «Соттан ренжіп шыққандар орталықта шу шығаруы, қарсылық танытуы мүмкін» дегендер де бар. Бірақ төрелік алаңынан елдің бәрі ренжіп шықпайды ғой. Істің әділ қаралғанына көңілі толып, ақысының қайтқанына, құқығының толық қорғалғанына риза болатындар қаншама! Осыны алға тартып, құзырлы органдарға кіріп жүріп Сот билігі сарайының орталық алаңда орналасқан ғимаратқа көшуіне мұрындық болдым.

Ата-бабаларымыз даулы істерді рабат төбе деген биік төбеден отырып, кеңесіп шешетін. Елдің алдында жариялы түрде өткізетін. Қазақ билері елдің айнасы болған. Соттың билігі халыққа жариялы, елге жақын болуы және халық еркін кіріп, еркін шығуы керек. Брюссельде Еуропаның адам құқықтары жөніндегі халықаралық сотында болдым. Есігінің аузында қарапайым әйел отыр. Қазақстандық паспортпен тіркеп кіргізді. Сол соттың ішін түгел аралап шықтым. Бізде де сондай болу керек. Ашық билік абыройды көтереді.



да аумақтағы мемлекеттік органдар арасында шағын футбол мен волейболдан турнир өткізілді.

Тағы бір атап айтарлық тың шара студенттер арасында өткізілген құқықтық сайыс болды. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің 3-4 курс студенттерінің арасында «АДМПРОЦЕСС-2023» әкімшілік рәсімдік процесінің үздік білгірлері» атты облыстық кәсіби шеберлік конкурсын Қызылорда облыстық сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының және Қызылорда облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты

марапатталды. Белсенді қатысқан топтарды шебер дайындағаны үшін топ жетекшілеріне алғыс хаттар табысталды.

85 жылдық шара шеңберінде БАҚ өкілдері де назардан тыс қалмады. Себебі, соттар мен бұқаралық ақпарат құралдарының көздеген мақсаты бір, яғни, еліміздің өсіп-өркендеуіне, дамыған мемлекеттермен тең тұруға үлес қосу. Мерейтой құрметіне орай «Сот репортері» байқауы жарияланып, қорытындыланды. Жеңімпаздарды облыстық соттың ғимаратында ҚР Судьялар одағының Қызылорда облысы бойынша филиалы

сотының судьясы Эльдар Рысқұлов, «Үздік сот шешімі» номинациясын азаматтық істер бойынша Қызылорда қалалық сотының судьясы Әсел Қарбозова, әкімшілік істер бойынша Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы Зәуре Жарылқасынова иеленді.

Облыстық сот ұжымы сот төрелігін іске асырып қана қоймай, қайырымдылық шараларына да белсенділік танытып келеді. Мерейлі мереке қарсаңында сот ұжымы «Атамекен» отбасы үлгісіндегі балалар ауылына арнайы барып, тәрбиеленушілерге сыйлықтар үлестіріп, балаларға қуаныш сыйлады.

Салтанатты шарадан соң төрағаның өзі бастап қонақтарды күрделі жөндеуден өткізілген сот ғимаратымен таныстырды. Қазақ тарихында өзіндік орны бар Қызылорда облыстық сотының мерейлі тойы нақты жоспармен, жинақы әрі әсерлі өтуімен есте қалары анық. Бұл ретте, облыстық соттың төрағасы Әділхадиди Шығамбаев бастаған, қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Жанат Бекжанов, Сот әкімшілігінің Қызылорда облысы бойынша департамент басшысы Сағатбек Сүлеймен, облыстық соттың судьясы Шолпан Маликова, Арал аудандық сотының төрағасы Камшат Сәдуақасова қостаған судьялар қауымына аға ұрпақтың айтар алғысы шексіз.

Түймегүл ИБАШЕВА,
«Заң газеті»

байқауы судьялар мен мамандардың шығармашылық қабілеттерін шыңдауға арналды. Байқауда сайысқан «Тұмарымыз – Заңымыз» (Қызылорда қалалық және №2 қалалық сот), «Төрелік» (Байқоңыр қалалық, Арал, Қазалы, Қармақшы аудандық соттары), «Ақиқат» (Жалағаш, Сырдария, Шиелі, Жаңақорған аудандық соттары), «Фемида» Қызылорда облысы бойынша мамандандырылған соттары) командалары бір-біріне есе жібермеуге тырысты. Дегенмен, жарыстың аты жарыс, додада мықтылардың жеңіп шығуы шарт.

Командалар таныстыру кезеңін өлең-жырмен, әнмен айшықтады. Екінші кезеңде істерді қарау, дауды медиация тәртібімен реттеу, отбасы құндылықтарын сақтау тақырыптарын қозғайтын сахналық қойылымдар тамашаланды. Байқауға көрермендерді де белсенді қатыстыруға басымдық берілді. Осы ретте Қызылорда облыстық сотының тарихына қатысты сұрақтар қойылып, дұрыс жауап берген көрермендерге сыйлықтар табысталды. Байқау қорытындысына сай «Ақиқат» командасы жеңіске жетті.

Әр шараның тәрбиелік мәні зор

Қоғамда салауатты өмір салтын насихаттауға жалпы қазақстандық судьялар атсалысуда. Олардың қатарында қызылордалық судьялар да бар. Мерейтойға ғана байланысты емес, бұл өңірде соттардың қатысуымен спорттық шаралар тұрақты түрде өтеді. Іс-шаралар күнтізбесіне спорттық сайыстар да еніп, сәуір айында судьялар мен сот қызметкерлері арасында спорттың бірнеше түрінен спартакиада, қараша айын-



ЛЕБІЗ

Ғалия ШЫҒЫСОВА,
отставкадағы судья:

«Ұйымдастырушыларға алғысым шексіз»

Жеке басым мерейтойды ұйымдастырып, жүзгіріп жүрген қыз-жігіттерге алғысымды білдіремін. Керемет өтуде, бұрын бірге жұмыс істеген судьялардың басы қосылып, мәре-сәре болып жатырмыз. Осы сотта жеті төрағамен бірге жұмыс істедім. Облыстық сотта жалғыз әйел судья болдым. Көпшілігі сот отырысы көп болатын. Аудан, ауылдарға барғанда жас қой деп күдікпен қарағанымен, алайда, табандылық танытып істі дұрыс шешкенімізде алғыстарын жаудыратын.

Мұны айтып тұрғаным, адал еңбек түбі еленбей қалмайды, жастар осыны естен шығармай, елге адал қызмет етуге міндетті. Еліміз аман, жеріміз тыныш болсын.



ЛЕБІЗ

Светлана ЖУЫНТАЕВА,
Қызылорда облыстық сотының судьясы:

«Мерейтой ұжымның бірлігін нығайтты»

Мерейтой аясында көптен көрмеген әріптестерімізді көріп, көңіліміз көтеріліп қалды. Бірге қызмет еткен апай-ағайларымызбен қауыштық, бір жасап қалдық. Тарихты ұмытпау керек. Әділеттің адал жолында талмай еңбек етіп келе жатқан азамат ретінде өз бақытын Отанына, халқына қалтқысыз қызмет жасау деп білетін, «қара қылды қақ жарған», әділетсіздікке бармайтын әріптестеріміздің еңбектеріне оң нәтиже, тиынақты табыс тілеймін. Мерейтой біздің ұжымның бірлігін нығайтты, ынтымағын арттырды. Үлкенге құрмет көрсету – кішіге міндет екенін ұқтырды.



ЗАҢСЫЗДЫҚҚА ЖОЛ БЕРМЕУ – БАСТЫ МІНДЕТ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Онда прокурорлардың мемлекет атынан Қазақстан аумағында заңдылықты сақталуын заңда белгіленген шекте және нысандарда жоғары қадағалауды жүзеге асыратыны, сотта мемлекеттің мүддесін білдіретіні және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асыратыны анық жазылған.

2023 жылдың 1 қаңтарында «Прокуратура туралы» ҚР Конституциялық заңы күшіне енді. Бұл заң прокуратура органдарының қызметкерлері үшін үлкен жетістік және зор мәртебе саналады. «Жаңа Қазақстанды» қалыптастыру барысында прокуратураға жазалау міндеті емес, құқық қорғау функциясы жүктелді, ел прокуратурасы әділеттілікті сақтау құзыретіне ие болды. Соған орай, прокуратура заңға сәйкес адамды, оның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын мемлекеттің ең жоғары құндылығы ретінде сақтау, Қазақстан аумағында заңдылықты қамтамасыз ету мақсатында адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау және бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіру міндеттерін жүзеге асырады. Сонымен қатар, прокуратура органдары мемлекеттік органдардың олар қабылдайтын актілер мен шешімдердің, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің, қылмыстық қудалаудың, жедел-іздестіру қызметінің, атқарушылық іс жүргізудің заңдылығын және басқа бағытта жоғары қадағалауды ғана жүзеге асырып қоймай, сотта мемлекет мүддесін қорғап, мемлекеттік айыптауды қолдайды. Бұл міндет кенәлі тұлғаларды жазалау ғана емес, қылмыстың алдын алуға септігін тигізеді.

Жетісу облысының прокурорлары 2023 жылы 700-ге жуық іс бойынша мемлекеттік айыпты қолдап, тараптардың құқықтарын қорғады. Сондай-ақ, прокурорлардың бастамасымен апелляциялық және кассациялық сатыда 24 сотталушыға қатысты соттың үкімдері мен қаулылары заңға сәйкес түзетілді. Оның ішінде 6 адамның жағдайы жақсартылды, яғни, жазалары жеңілдетілді, жаза өтеу мерзімдері төмендетілді. Мемлекеттік айыптауды сапалы қолдаудың нәтижесінде заңсыз жазаға тартуға, азаматтардың конституциялық құқықтарын бұзуға жол берілген жоқ. Демек, мемлекеттік айыптаудың сотты дұрыс бағдарлауы әділетті шешім шығаруға ықпалын тигізеді.

Қорыта келе, мемлекеттік айыптауды сапалы қолдау – заңды үкімнің кепілі екендігін айтқымыз келеді.

Прокуратура органдарында жұмыс істейтін барлық тұлғалар азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау үшін күш-жігерлерін аямай күні-түні қызмет атқаруға дайын!



Ержан СЫБАНҚҰЛОВ,
Жетісу облысы
прокурорының орынбасары,
аға әділет кеңесшісі

ӘДЕП НОРМАЛАРЫ

«ҰЛЫҚ БОЛСАҢ, КІШІК БОЛ!»

Қазақстанның мемлекеттік қызметі қоғам өмірінде ерекше рөл атқарады.



А. МАМАЕВА,
Ақтөбе облысы
мамандандырылған әкімшілік
сотының жетекші маманы

Мемлекеттік қызмет қоғам мүдделеріне адалдық танытуға және Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал етуге септігін тигізеді. Әдептің қоғамдағы басты қызметі тұлғалық қатынастарды адамгершілік талаптарына сәйкес ретке келтірумен байланысты. Бұл сипатта әдеп мәдениеттің іргелі бір құрамдас бөлігіне жатады. Мәдениеттің қалыптасу барысында ізгі мінез-құлық белгілері әдептілік талаптарына айналып отыр.

Біздің халқымыздың әдепті де сыйластық қарым-қатынасқа ежелден-ақ көңіл бөлгендігі баршаңызға белгілі. Ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан мақал-мәтелдер мен нақыл сөздер де аз емес. Атап айтсақ, «Әдептілік иесі – иіліп сәлем бергені», «Ұлық болсаң кішік бол», «Кішіпейілділік – кішілік емес, кісілік» деген ғажап сөз маржандарында халқымыз ұстанған тәлім-тәрбиенің жүйелі бағдарын меңзейтіні көрініп тұр.

Мемлекеттік қызметшілердің

қызметтік әдебінің стандарттарын белгілейтін Әдеп кодексі қоғамның мемлекеттік қызметке деген сенімін нығайтып, мемлекеттік қызметшілердің әдепсіз мінез-құлық жағдайларының алдын-алуға бағытталған. Мемлекеттік қызметтегі әдеп қағидадары адалдық, әділдік, ашықтық, сыпайылық. Нақтырақ айтқанда, адал ниет – қоғам игілігі үшін мемлекетке кәсіби және жауапты қызмет ету; адалдық – өз міндеттеріне шынайылықпен қарау; әділдік – жеке және заңды тұлғалардың қоғамдық топтары мен ұйымдарының ықпалына қарамастан кез келген мән жайлар бойынша бір жақты кемсітуге жол бермеу. Ал ашықтық – жұртпен жұмыс істеуге дайын болу. Ұжымда түсіністік пен сенім атмосферасын қалыптастыру, сондай-ақ қызметтік әдеп нормаларын сақтау; сыпайылық – азаматтармен әріптестерге дұрыс және құрметпен қарау.

Бүгінгі таңда, кей жағдайда қарапайым халықпен қарым-қатынас жасау барысында оқшылықтар көрініс тауып, мемлекеттік қызметшіге халықтың наразылығы туындап жатады. Сол себепті де, мемлекеттік қызметшілерге деген талап күшейді, олардың моральдық-адамгершілік бейнесі және іскерлік қасиеттеріне ерекше талаптар қойыла бастады.

Ақтөбе облысының мамандандырылған әкімшілік сотының мамандары қызметтік міндеттерін орындау кезінде әріптестерге, азаматтарға сыпайы сөйлеп, құрметпен қарамайды. Мәселен, кей жағдайда кеңсеге жүрген кейбір азаматтар жанайқайын айтып, әртүрлі көңіл күйлерін сыртқа шығарып жатады. Мұндай жағдайда кеңсе мамандары сабырлылық, сыйластық танытып, заң аясында түсіндірме береді.

Үкімді орындау кезінде соттың қарауына жататын мәселелер, оның ішінде жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату және жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру жөніндегі сұрақтар ҚР Конституциясының, ҚР Қылмыстық кодексінің, ҚР Қылмыстық-процестік кодексінің, ҚР Қылмыстық-атқару кодексінің, 2015 жылғы 2 қазандағы №6 «Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың, жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түріне ауыстырудың және тағайындалған жаза мерзімін қысқартудың сот практикасы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысының нормаларына негізделеді.

ЖАЗАНЫ ЖЕҢІЛДЕТУДІ АРНАЙЫ КОМИССИЯ ҚАРАҒАНЫ ДҰРЫС

Аталған нормативтік қаулы қолданысқа енгізілгеннен бері бұрыннан туындаған бірқатар сұрақтар өз шешімін тапты деуге болады.

Сонымен бірге қолданыстағы нормативтік қаулыда осы мәселеге қатысты өзге де сұрақтар туындайды. Бұрын ҚР Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 25 желтоқсандағы «Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату және жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түріне ауыстыру туралы» №10 нормативтік қаулыда мекеменің немесе жазаны орындайтын органның әкімшілігі үкім шығарған сотқа жәбірленушінің не оның өкілінің мекенжайы туралы сауал жолдайды және сотталған адам жаза мерзімінен заңда белгіленген бөлігін өтегені туралы және заңға сәйкес жазаны одан әрі өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босату немесе жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түріне ауыстыру туралы өтініштің сотқа жолданғаны туралы тапсырыс хатпен жәбірленушіні не оның өкілі хабардар етеді делінген.

Қазіргі қолданыстағы нормативтік қаулыда аталған талаптар жоқ. Көп жағдайда жазаны орындайтын мекеменің өкілдері сотталған адамдардың құжаттарын сотқа жіберу барысында жәбірленушінің немесе оның өкілінің мекенжайы туралы мәліметтерді қоса тіркемейді. Ал нормативтік қаулыда сот жәбірленушіге немесе оның өкіліне өтінішхаттың қаралатын күні, уақыты мен орны туралы тиісінше хабарлауға міндетті деп көрсетілген. Сондықтан сот құжаттарды тиісінше ресімдеу үшін кері қайтарған жағдайда, мекеме өкілдері қолданыстағы нормативтік

қаулыда олардың жәбірленуші туралы мәліметтерді сотқа ұсынуы көзделмегенін негізге алып жатады.

Нормативтік қаулының талаптарына сәйкес сот, жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату, жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түріне ауыстыру туралы мәселені шешу және сотталған адамның тәртібіне баға беру кезінде олардың ішкі тәртіп қағидасын сақтауын қадағалайды. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемесі әкімшілігінің талаптарын орындауын, тәрбиелік сипаттағы іс-шараларға және мекеменің қоғамдық өміріне қатысуын, көтермелеулерді, жазаларды, оқуға көзқарасының оң немесе теріс бағытын, залалды өтеуін, жеңіл тұрмыстық жағдайға ауыстыруды және сотталған адамның түзелгенін айғақтайтын басқа да мән-жайларды ескеруі тиіс. Сондай-ақ, соттың сотталған адамның түзелгені туралы тұжырымы өтінішхатты дәл қарау алдындағы уақыт ішіндегі ғана емес, сонымен бірге үкім шығарылғанға дейін қамауда ұсталған уақытын қоса есептегенде оның мекемеде болған бүкіл кезең ішіндегі тәртібі туралы деректерді жан-жақты ескеруі тиіс.

Сонымен бірге, осы сұраққа қатысты Қазақстан заңнамаларына сәйкес жәбірленушінің пікірі сотталған адамның өтінішхатын қарау кезінде соттың шешіміне әсер тигізбейтінін ескеру керек, алайда көп жағдайда соттар жәбірленушінің пікірін негізге алып жатады, көбінесе ол сотталған адамның шығынды өтемеуіне байланысты болады.

Тағы бір осы тақырыпқа қосып кететін жағдай, ол үкімді орындау кезіндегі сұрақтарға қатысты ре-



Ляйля АКАЛАЕВА,
Өскемен қаласы №2 сотының
судьясы

формалау жүргізу керектігі. Бұл мәселеге қатысты бірқатар судьялар өз пікірлерін білдірген. Негізі, жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату, жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түріне ауыстыру туралы сұрақтарды қарау құқығы арнайы комиссияларға жүктелуі дұрыс деп есептеймін. Бұл сұрақтар сот төрелігінен бөлінуі тиіс. Мысалы, бір қатар шет елдердің заңнамасына сәйкес аталған сұрақтарды қарайтын арнайы комиссиялар, бюрлар қарастырылған, сондай-ақ әділет саласына да жүктелуі көзделген. Сондықтан Қазақстанның қылмыстық заңнамасы шет елдердің де тәжірибесіне сүйене отырып жетілдіруі қажет деген ойдамын.

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ҚазҰУ - 90

ЗИЯЛЫЛАР ШЕБЕРХАНАСЫ

Адамзат өркениетінің ғылыми прогреске бет бұруы университеттердің пайда болуымен тығыз байланысты. Әлемде тарихы бір мемлекеттің ғұмырына пара-пар ғылым ордалары жетерлік. Мәселен, Оксфорд университеті 927 жылдық, Кембридж университеті 814 жылдық, Массачусетс университетінің 162 жылдық тарихы бар. 2024 жылы ғылым ордасының бой көтергеніне 90 жыл толатын әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Оксфордтай тарихы бағзы заманнан басталмаса да, торқалы той қарсаңындағы жеткен биігі, бағындырған белестері, қоғамның дамуына қосқан үлесі аз емес.

Өткен ғасырда заңғар жазушымыз Мұхтар Әуезов: «Осы күнгі біздің көп мақтанышымыздың ең ірісі – ғылым», деген еді. Абайдан бастап, Алаш ардақтарына дейін қазақтың ғылымға бет бұруын аңсады. Ғылымның іргетасы университеттерде қаланатыны түсінікті. ХХ ғасырдың бірінші жартысында қазақ даласында алғашқы ЖОО-лардың салынуы халқымыздың жаһандануға басқан алғашқы қадамы еді. Ұлттың зияткерлік, рухани әлеуеті зиялыларымен өлшенеді. ҚазҰУ ең алдымен, даңқты түлектерімен мақтанады. Университет негізі қаланғаннан бері ұлт алдындағы тарихи миссиясын адал атқарып келеді.

Қазақ зиялы қауымының қалыптасуының үшінші кезеңінде қара шаңырақта дарынды жастардың жаңа толқыны пайда болды. С.Зиманов, С.Сартаев, Д.Байдылдаұлы, М.Сәрсенбаев, Ә.Бектұрғанов және т.б. заң факультетінің дарынды түлектерінің қанатын қатайтып, томағасын сыпырған университеттің білікті ұстаздары, тиімді оқыту жүйесі еді. Жоғарыдағы тұлғалар құқықтану, заң ғылымына, мемлекеттік басқару жүйесінің ахуалының жанданып, түлеуіне өлшеусіз үлестерін қосты. Олардың еңбектері кеңес үкіметі жылдары мәдени отарлауға, шовинистік бюрократияның шеңгелінен Қазақ ССР-нің құқықтық мүддесін қорғаса, еліміз егемендік алғаннан соң деколонизация үдерісінің жеделдеуіне заңи тұрғыда ықпал етті.

Қара шаңырақтан әр кезеңде түлеп ұшқан дарын иелерін көптеп мысалға келтіруге болады. Мұның сыры ғылым ордасының жеке адамды әлеуметтендіруші орта қалыптастыра білуінде. Университеттегі

кешенді іс-шаралар студенттің өз жолын табуына, мақсатын айқындауға, мүдделес-пікірлес жандарды табуға септігін тигізеді. Ғылыми конференциялар, концерттік іс-шаралар, түрлі студенттік ұйымдардың арқасында ҚазҰУ ғылым мен өнердің шаңырағына айналды. Ғасырға жуық уақыт ішінде, тұлғалық дамудың алғашқы баспалдақтарын қалап, жастардың өз потенциалын ашуға алғышарт даярлады. Содан да болар, мектеп бітіруші түлектердің ҚазҰУ-ға ынтық болатыны. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «өзін-өзі тану мектебі», «зиялылар шеберханасы» дер едім. Себебі, қалашық сәулет өнерінің бірегей туындысы ғана емес, тұлға қалыптастырушы өмір мектебі екенін тарих толқынында сан мәрте дәлелдеді.

Университеттің өткені мен бүгініне зер салсақ, торқалы той қарсаңындағы ғылым ордасы кешенді дамып, білікті ғалымдары мен оқытушылардың, дарынды шәкірттердің арқасында әлемдік абырой биігіне көтеріліп келеді. ҚазҰУ-да атқарылып жатқан іс-шаралар, мерейтой алдындағы науқаншылық, даңғазалық емес, ұзақ мерзімді стратегиялық даму жоспары екендігі көңілге қуаныш сыйлайды. Алдағы он жылдықта ғылым ордасының қайта өрлеу дәуіріне аяқ басарына үміт етейік.

Абылай ҚУАНДЫҚ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Заң факультетінің 1 курс студенті,

Динара ТУРСЫНКУЛОВА,
ғылыми жетекші, з.ғ.к.

МӘСЕЛЕ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕ ЖЕКЕ МҮДДЕ БОЛМАЙДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сандар сөйлегенде оқып отырып ойланасың, «Бұлар тек әшкереленген болғандары ғой. Қаншамасы халық ішінде қарашаға қызмет етумен қатар, қарақан қу басының құндылықтарын күйттеп, заң біткеннің белінен бір-ақ баса салып жүр ғой», – дейсіз. Ойға «...Түркі халқы үшін түн ұйықтамадым. Күндіз отырмадым...» деп келетін Білге қаған ескерткішіндегі жазылған сөздер оралады. Елдік мүдде жолындағы

жанкештілік қой, сол уақыттағы. Содан бері не өзгерді? Елдік те, елге еңбек ету де өзгермеді ғой, сол қалпы. Өзгерген адамның ниеті шығар. Қош, олар ар сотында да, заң сотында да жауапқа тартылды.

Әрі қарай өңірлердегі мемлекеттік қызметкерлер арасындағы орын алған қылмыстар бойынша көш бастаған облыстар мен қалалар жайлы жазайық. Ең көп қылмыстық іс тіркелген өңір – Шымкент қаласы. Жыл басынан бері 102 шымкенттік мемқызметкер заң бұзған. Ең сорақысы атаулы өңір бойынша мем-

лекеттік қызметкерлердің қылмысқа баруы 2 есеге өскен. Өткен жылмен салыстырғандағы статистика осылай дейді. Екінші орынға – Алматы және Астана қалаларын жатқызуға болатындай. 2023 жылдың қаңтар айынан бастап 82 алматылық, 55 астаналық мемқызметкер мемлекеттік мүддеге бей-жай қарап, заң шеңберінен шыққан. 2023 жылмен салыстырғанда Алматыда – 1,2 пайыз, Астанада – 61,8 пайызға өсім бар. Үштікті Жетісу және Алматы облыстары қорытындылайды. Жетісулық 47, Алматы облысының 43 мем-

лекеттік қызметкері түрлі қылмыс жасаған. «Ең жақсы жағдай Ұлытау облысында», – дейді мамандар.

Біздің мемқызметкерлерді ұзақ жылдық бас бостандығынан айыру, мемлекеттік қызметтен шектеу, дүние-мүлкін тәркілеу секілді заңдық нормалар аса қорқыта қоймайтын секілді. Алтын көрсе періште жолдан таядының кері. Айылын жимайтын бұларды не істемек керек? Халық арасында желдей ескен бір пікірді бұқара назарына ұсынайық. «Қытайда ұрлық жасағандардың қолын шабады екен. Мемлекет қаржысына қол салғандар мен елдік мүдде жолында салғырттық танытып, қызметтік антына адалдық танытпағандарды осылай жазалайық», – деген сөздерді жиі естіп жүрміз ғой. Тіпті, кейбіреулер «Өлім жазасын енгізуіміз керек», – деген пікірде. Мұны уақыт көрсетер. Бір білеріміз, адам жаралғалы бұл секілді ар алдында қолайсыз

жайттар тыйылмай тұр. Қылмыс пен қоғам қатар ұғым.

Ел ішінен басбұзар да, тезсіз де, тентек те табылар. Мемлекеттік қызметтің әдеп туралы кеңесін құрып мәселені құрықтаймыз дедік, ашықтық танытып қылмыстың алдын аламыз дедік, бірнеше басқарушы тараптарды бір-біріне бағынысты қылып басбұзарлардың бетін қайтарамыз дедік. Алайда, нәтиже көңіл қуантарлықтай емес. Түптеп келгенде, әркім өзіне жауап береді, санасына берсін деуден аса алмай отырмыз. Расында да, ұлтжандылық, отансүйгіштік, елге адалдық секілді түсініктер түйсікте жаңғырмаса, заң да, басқасы да кедергі емес. Сондықтан санасына берсін дейміз. «Балам өскенде әкім болады, министр болады, президент болады», – деп отырған көп ата-ананың құлағына алтын сырға.

Ш.ЖАЛҒАСБЕКҰЛЫ

САРАП

АЛЫП ЕЛДЕР НАЗАРЫ – АЭС-та

Франция Президенті Эммануэль Макрон Азия сапары барысында Өзбекстан мен Қазақстан билігімен кең ауқымды мәселелерді, соның ішінде экономикалық ынтымақтастық, көлік инфрақұрылымы, азық-түлік қауіпсіздігі және бүкіл Еуропа үшін өзекті болып отырған энергетика жайын талқылаған-ды.



Францияның атом энергетикасы жылына шетел басылымдарына илансақ, шамамен 10500 тонна уран тұтынады екен. Бірақ оның 8 мың тоннасы елге шетелдерден келеді. Жалпы уран отынының 45%-ы Канада, тағы 32%-ы Нигерия, қалғаны Австралия, аз ғана үлесі Қазақстан мен Ресейден тасымалданған. Сол кездегі қарны тоқ, көйлегі көк, мәселе жоқ Франция тіпті осы уаққа дейін 56 АЭС салып тастаған көрінеді. Болашақты болжау бірақ кімнің қолынан келеді дейсіз. Уранға қатысты алғашқы мәселе романтиктер елінде 2013 жылы басталды. Дүниежүзіндегі жалпы көлемі 6% деп бағаланған Нигерияның уран қоры сарқылып барады деген суыт хабар, төбеден құйған суық судай ел энергетикасын шымырлатты. Осы тұста мәселеге қатысты уран шикізат алпауыттарының бірі, Канада тік тұрып «әлемдік нарыққа мұнай, газ және уранды көбірек жеткізу арқылы әлем елдеріне жаһандық энергетикалық дағдарысты шешуге көмектесеміз» деп, кесек сөйлеп, білегін сыбанған-ты. Әрине Франция, арқасынан жүк түскендей жасап қалды. Десе де жылына тұрақты түрде 4-7 мың тонна ғана өндіріп отырған Канада уранын кімнің аузынан табасыз. Оның үстіне үйеңкі жапырақ елі АҚШ, Қытай және өзге Еуропа елдерімен де келісім-шартқа отырып, уран жеткізіп отыр. Канаданың бар уранын шашу шығармай Францияға алып келгеннің өзінде, АЭС-тердің төбетін еңсеру қиын. Бірақ бәрін сатып алуға және басқаларға қарағанда көбірек төлеуге дайын Қытай, мына жағында уран тұтыну бойынша әлемде көшбасшы, дегенмен өз кен орны жоқ Америка Құрама Штаттары тұрғанда, Канаданың бұлай жасауы Франция үшін достық, жанашырлық ниетінің көрінісі іспеттес еді.

Францияның өзге Африка елдерінен де уран ала алатын мүмкіндігі бар. Өйткені, бұл шикізаттың қорлары бар көптеген мемлекет-

тер бір кездері француз отарлары болған. XX ғасырдың екінші жартысында Парижден тәуелсіздік алған соң да ол мемлекеттер достық қарым-қатынасты жалғастырған. Бірақ мұнда да қиындықтар бар. Францияға Сахель аймағынан арзан уранды алу үшін ол Африкадағы қымбат әскери операцияға араласу керек болды. Нақтырақ Чад, Мали және басқа да «қазба байлығында ураны бар» кейбір елдерде жүргізілген антитеррорлық операциялар. Басында «Бархан» операциясын француздар қолға алды. Десе де мәселенің аз уақытта шешілмейтінін түсінген Макрон бұл істі тоқтатты. Оның үстіне соғыс шығынын, уран кені өтпейтіндей халге жеткен болатын. Енді әрине соңғы үміт әлемдегі барланған уран қорының 45%-ға жуығын құрайтын Ресей мен Қазақстанда. Иә, бұл жұпта Қазақстан көш бастап тұр. Дегенмен, бұл жағдайда «көшбасшылық» сөзі «тәуелсіз» терминімен бірдей емес. Өйткені, қазақстандық уранның басым бөлігі Ресей Федерациясы арқылы өтпейінше тұтынушы елдерге жете алмайды.

Көлеңкелі түс

Қазақстанның уранды байыту ресурстары өте шектеулі. Атап айтқанда: 5-20% деңгейіне дейін байытылған уранды АЭС операторлары жиі талап етеді. «Ресейде уранды байыту бойынша әлемдік қуаттың 43%-ы бар, ал қазақстандық ядролық шикізат алдымен ресейлік байыту зауыттарына түседі де, солардан ғана нарыққа шығады. Логистика да солай, Казатомпром қазір ядролық отынды Ресей арқылы және Каспий теңізі арқылы Қара теңізге жеткізеді. Десе де, көлеңкеде болып жатқан дүние дүниетанымыңызды төңкеруі мүмкін. Батыстың, әсіресе Еуропалық Одақ елдері геосаяси жағдайға қатысты санкцияға қарамастан Ресей уранын әлі күнге дейін сатып

алып отыр. Бұл қазбалы отынға тәуелділіктен де үлкен мәселе. Дегенмен, батыс саясаткерлері бұл туралы дауыстап айтудан қорқады. Украинада ауқымды соғыс басталғанға дейін де, кейін де ештеңе өзгерген жоқ. Ресей ядролық бизнестен миллиардтаған табыс табуды жалғастыруда. Еуроодақ әлі күнге дейін Ресейдің атом өнеркәсібіне қарсы санкциялар енгізуге және Ресей бюджетін кірісінің маңызды бөліктерінің бірінен айыруға батылы бармай отыр. Қазақстан уранын бұған дейін менсінбей көбісі алмаушы еді. Енді мына қара күйеден құтылу үшін Батыс елдері неге де болсын дайын болып отыр. Қазақстанда жылына 20 мың тоннадан кем уран өндірілмегенін ескерсек (бұл Францияға екі жылға жететін көлем)

APR-1400 реакторы бар корейлық KHNP; EPR-1200 реакторы бар француздық EDF. Реактор атауының жанындағы сандар АЭС-тың өндіру қуатын көрсетеді. Жоғарыда айтылғандай қазіргі қажеттілік 1 мың мВт. Демек, бір АЭС салсақ, біз бүгінгі қажеттілікті ғана жауып, нөлге шығамыз. Сондықтан Қазақстанға алдағы уақыттағы сұраныстың өсетінін ескерсек, бүгінде бір емес, бірнеше атом станциясы керек. Қоғамда әрине АЭС-ке қатысты үлкен резонанс тууда. Десе де мәселенің байыбына жетпесек болмас.

Макронның Өзбекстан мен Қазақстанға сапарын осы елдердің аумағында француздық Électricité de France (EDF) компаниясының атом электр станцияларын салу жөніндегі келіссөздерінің соңғы нүктесі ретінде қарастыруға болады деген пікір бар. Бұған дейін, ағымдағы 2023 жылы Ташкент пен Астанаға Францияның Сыртқы сауда министрі Оливье Бешт пен француздық Électricité de France (EDF) компаниясының делегаттары келген болатын. Екі жағдайда да делегаттар Францияның ынтымақтастыққа дайын екенін мәлімдеді. Сыйға сый, сыраға бал демекші, бұндай шығынымен жауапкершілігі көп жұмысқа француздар бекер барып отыр дейсіздер ме. Олардың ойында уран.

Бұл отын бізде, аз көлемде Өзбекстанда да өндіріледі. Қайсысы қармаққа ілінсе де француздардың ұтылатын жері жоқ. Десе де оңтүстіктегі көршіміз бірінші болып АЭС салса, оларға қарап алақан жайып қалуымыз әбден мүмкін. Бірақ Қазақстанның қазіргі билігі құрылысқа қатысты түпкілікті шешім қабылдағанға дейін, атом электр станциясы үшін әлемдік тәжірибені зерттеп, содан кейін ғана технология жеткізушісін таңдау туралы маңызды шешім қабылдауды дұрысқа санап отыр. Онысы орынды да.

Француздарға сенім артуға бола ма?

Жалпы бізде атом электр станциясын салу жөнінде екі нұсқа бар. Біріншісі өз қаражатымызға компания тауып салдыру. Бұл жағдайда Қазақстан АЭС үшін 15 миллиард долларға жуық қаражат табуы керек. Түсіну үшін елдің жылдық бүкіл мемлекеттік бюджеті шамамен 45-50 миллиард долларды құрайды, ал Ұлттық қор үшін бұл айтарлықтай сома. Екінші нұсқа – жеке инвестор өз қаражатына салып, кейін қарымын тарифтен қайтаратындай ету. Енді осы тұста салып берем деп отырған Францияға қаншалықты сенім артуға болады?

Францияның энергия өндіру саласында ядролық энергиядағы тәжірибесі өте мол. Еуропадағы атом электр станцияларының ең ірі алаңының иесі ретінде бұл ел энергетикалық секторда өздерінің тәуелсіз екенін мақтан тұтады. Бірақ 2022 жыл үлкен өзгерістер әкелді. Санкция кесірінен Ресейдегі газ Еуропаға жетпегеннен кейін, көп елдер Франциядан электроэнергия сатып алып отырды. Дегенмен, француз атом электр станцияларының ескіруі салдарынан реакторлардың жартысына жуығы техникалық қызмет көрсету үшін жабылып, қуат өндіруді айтарлықтай азайтты. Нақтырақ 56 АЭС-тың 26-сы бүгінде жұмыс жасамай тұр. Бұрындары құрлықтағы ең ірі электр қуатын экспорттаушы Франция енді өз қажеттіліктерін өтеу үшін сырттан электр қуатын сатып алып отыр.

Осы тұста ел Президенті Эммануэль Макрон Франциядағы атом электр станцияларының ескіру мәселесін жаңа станциялар салумен шешпек. Жоспар бойынша 2035-ке дейін алты жаңа типтегі реакторларды салуды мақсат етіп отыр. Бұл шешім Француз компаниясы EDF-ке (АЭС салатын компания) ауыр тиді. Банкроттықтың аз-ақ алдында тұрған компанияны соңында мемлекет сатып алды. АЭС салуға Франция үкіметі 50 миллиард еуро бөлді. Бұл ел арасында үлкен резонанс тудырды. Франция энергетика мәселесіне байланысты қиындыққа кезіккені айтпаса да белгілі. Сондықтан абайламасақ болмас.

Нұрбол ЖЫЛЫС, «Заң газеті»

Біздің жағдай

Әрине, май шепкекке бөгіп, теріміз шылқып отырған біз жоқ. Энергетикалық мәселелер өзімізде жетіп артылады. Сарапшы Олжас Байділданың дерегінше өткен жылы еліміз 16 мВт электр энергиясын тұтынса, 15 мВт мВт өндірген екенбіз, дефицит 1 мың мВт, оны Ресей жапқан. Оның үстіне тұтыну да өсіп келеді. Ал энергияның басым бөлігінің (67%) елімізде ЖЭО өндіруде. Олар көмірмен жұмыс жасайды. Қалғаны газ (22%), гидро электрлік станциялар (7%), баламалы күн, жел станциялары (5%). ЖЭО-лардың барлығы дерлік Кеңес кезінен келе жатқан орталықтар. Тағы да ЖЭО салу экологияға да, қаржылық жағынан да пайдасынан зияны көп дүние. Суға қатысты мәселе ГЭС-ты дамытуға мүмкіндік бермейді. Ал газ өндіріп отырған ошақтарда қайта-қайта техникалық бұзулар болып, ығырымызды шығаруда. Баламалы энергия станциялары тым қымбат әрі ефективтілігі тым төмен. Біріккен Ұлттар Ұйымының болжамы бойынша 2040 жылға қарай Қазақстан халқы 20 миллионнан 25 миллионға дейін өседі, бірақ бізде қазірдің өзінде бар қуат жетіспейтін болса, өсіп келе жатқан қажеттіліктерді қалай қанағаттандырамыз?

Мәселе шешімі – АЭС

Естеріңізге сала кетейін, ҚР Энергетика министрлігінің индикативтік жоспары бойынша Қазақстанда алғашқы атом электр станциясы 2035 жылға қарай ғана пайда болады. Энергетика министрлігінің қысқа тізімі қазіргі уақытта төрт реактордан тұрады: VVER-1200 реакторлары бар ресейлік Росатом; HPR-1000 реакторы бар қытайлық CNNC компаниясы;

АБЫРОЙ БИІГІНДЕ

Жарқын болашаққа айқын мақсат қойып, табиғат дарытқан қабілет-қарымын, талант-дарынын шыңдап, талмай еңбектеніп, үздіксіз ізденген еңбекқор жанның асыл мұратына жетіп, абыройы асқақтап, биік белестерді бағындыра білетініне ешкімнің де шүбәсі болмаса керек. Жәнібек аудандық полиция бөлімі бастығының орынбасары, полиция майоры Мейрамхан Бапахов қызметте адал еңбек етіп, он бойында өсіп, өркендеп, бел-белеске көтеріліп келе жатқан жігерлі азамат.



Мейрамхан 1981 жылы 7 қарашада Ұзынкөл кеңсарына қарасты «Еңбекші» бөлімшесінде Темірхан Бапахов пен Узипа Бірімжарованың отбасында бес ағайындының тұңғышы болып дүниеге келді. Халық даналығында «Ұл табалдырықтан аттаудан бастап, ар-намысты сақтауға дейін әкеден үйренеді» деген сөз бар.

«5-сыныптан бастап орта білімді Ұзынкөл ауылында жалғастырдым. Интернатта тұрып, оқыдым. Кішкене кезімнен ата-анамнан жырақта жүріп оқығандықтан қиындыққа төзімді, тәртіпті, жинақы болып ержеттім. Халқымыздың «Адамның көркін кіргізетін әдемі киімі емес, ізгілікті істері» деген сөзін көкейіме түйіп өстім», – дейді балалық шағына саяхат жасаған кейіпкеріміз.

Ағам алғысым шексіз

Бала кезімнен полиция қызметкері болуды армандадым. «Амаңда елжіреп, мақтайтын да ағайын, алыстамай айналып, жоқтайтын да ағайын» демекші, әкемнің туған ағасы Ғалихан Айдынгалиұлын өзіме әркез үлгі тұттым. Ол Жәнібек ауданының Құрметті азаматы, ҰҚК тергеу бөлімінің тергеушісі қызметінен осы департаменттің басшысына дейінгі қызмет баспалдақтарынан өткен, ҚР Президентінің Жарлығымен ҚР Жоғарғы Сотының судьясы, ҚР Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі коллегиясының судьясы болып абыройлы қызмет атқарған юстиция полковнигі. Ғалихан ағам әулетімізден халық қорғаны болар тағы бір тәртіп сақшысының шыққанын қалап, менің ойымды қуана құптап, дем берді. 2000–2002 жылдары Қарағанды облысының Теміртау қаласындағы №5516 әскери бөлімінде азаматтық борышымды өтеген кезімде патрульдік кезекшілікте қоғамдық тәртіпті қадағалаушы едік. Осы кезде ішкі істер құрылымында қызмет етсем деген құлшынысым тіптен күшейе түсті. Әскерден оралған соң 2003–2005 жылдары Орал қаласындағы Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті мен қаладағы жеке-меншік мекемелерде күзетші болып жұмыс істедім. Әскерде патрульдік қызметте үйренген машығым бар, әрі бала кезгі арманымды жүзеге асыру мақсатында БҚО полиция департаментіне түйіндемеңді тапсырып, Тараз қаласында машықгерлік тағылымдамадан өтіп, 2005 жылы резервке қойылдым. 2006 жылы Орал қаласындағы БҚО мамандандырылған күзет қызметі басқармасы мемлекеттік мекемесінің полиция болып қызмет атқарып, осы мекеменің аясында 2006–2010 жылдары Жәнібек аудандық соты мен аудандық әкімшілікте мамандандырылған күзет қызметі басқармасының поли-

цейі болып еңбек еттім. 2010 жылы Жәнібек аудандық ішкі істер бөліміне учаскелік полиция инспекторы болып қызметке кірістім. Қызметімді атқара жүріп 2007–2009 жылдары Қарағанды экономикалық заң колледжінде, кейін Қазақстан инженерлік-технологиялық университетінің заңтану факультетінде «Жоғары кәсіби білікті заңгер» мамандығы бойынша білім алдым.

Шыңдалу жолында

Тәртіп сақшылары әркез қоғамды елеңдеткен жайлар мен уақытты бебеулеткен оқиғалардың бел ортасында жүретіндіктен қылмыстың алдын алуға, жасалған қылмысты тез ашуға мүдделі болатыны анық. Мейрамхан Темірханұлы 2011–2019 жылдары ауданымыздағы барлық ауылдық округтегі құқықбұзушылықтың алдын алу, діни экстремизммен, нашақорлық, ұйымдасқан қылмыстық топтармен күресу, бөтеннің мүлкін иемденушілерді анықтау, діни теріс ағымға түскендермен профилактикалық жұмыс жүргізу, жастар мен жасөспірімдердің арасындағы құқықтық тәртіпті нығайту жолында уақытпен санаспай адал еңбек етті. Жұмыста жоғары нәтижеге жетіп, қызметте сатылап өсіп, сержант шенімен еңбек жолын бастаған жігіт бүгінде полиция майоры шенін иеленді. 2019 жылы қазан айында аудандық полиция бөлімі әкімшілік полиция бөлімшесінің штаты ашылған кезде алғашқы жігіт басшылықтың сенім білдіруімен бөлімше басшысы болып тағайындалып, осы қызметті 2022 жылдың қараша айына дейін абыройлы атқарды.

«Жәнібек аудандық ішкі істер бөлімінің сол кездегі басшысы, полиция подполковнигі Еркін Қуанышқалиев, бөлім бастығының орынбасары болған Берік Төлеуовтен криминалдық полиция тобының аға жедел уәкілі болып қызмет атқарғанымда үйренгенімді бүгінде әріптестеріммен бөлісудемін. Жәнібек аудандық полиция бөлімінің басшысы қызметін атқарған полиция подполковнигі Асқар Әбдірахманов, Жәнібек аудандық полиция бөлімінің қазіргі басшысы, полиция подполковнигі Айшуақ Сейітқазиевтен қызметімді абыройлы атқару барысында үлкен қолдау көрдім. Ішкі істер құрылымындағы криминалдық полиция бөлімінде қызмет атқарған жылдарым мен үшін кәсіби тұрғыдан толысып, кемелденген сәулелі сәттерім.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты халыққа арнаған жолдауында айтылғандай «Бірнеше өңірде полицияның сервистік моделі пилоттық режимде жұмыс істей бастады. Келесі кезең – оның ауқымын кеңейту. Бұл жұмыстың табысты болуы көбіне жергілікті билік органдарының осы үдеріске

қатысуына байланысты болады. Олар жаңа өзгерістердің мән-маңызын түсініп, полицияға қолғабыс етуге тиіс», – деген болатын. Басты міндетіміз – құқықбұзушылықтың алдын алып, халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету болғандықтан жерлестеріміздің қолдауы біз үшін аса қажет. Қашанда қоғаммен, жергілікті атқарушы билік органдарымен бір бағытта жұмыс жасаудың нәтижесі жоғары болмақ.

Жерлестерімізден аудандық Ішкі істер бөліміне маңдай терімен тапқан дүниесінің қолды болатыны, яғни ұрлық жайлы талап-арыздары қарша борады. «Дәніккен қарсақ құлағымен ін қазыпты» дегендей, ұрлық санының күннен-күнге көбейіп бара жатқаны полиция қызметкерлерінің де дегбірін қашырды. Кәсіби біліктілігіміз сынға түскен жауапты сәтте біз де аянып қалмай, учаскелік инспекторлармен бірге алыстан келмеген ұрыны ауылдың әр қуысын шарлап, іздеп кеттік. Күдігіміз С. есімді азаматқа келіп тірелгенімен, «ұрлаған ұры емес, ұсталған ұры» демей ме, неде болса ұрыны қылмыс үстінде бұлтартпас дәлелмен қолға түсірмекке бекініп, ізіне түстік. Ішкі түйсігіміз алдамапты. Бір күні әлгі сабадзы аудан орталығындағы Х. Халиулин атындағы көшеде тұратын тұрғынның үйінен тоңазытқышты ұрлап, орталық базар жақта тұратын азаматтың үйіне әкеліп, олжасын пұлдап, сатып жатқан жерінен ұстадық. Күдіктінің үйіне тінту жүргізу барысында айлар бойы жерлестеріміздің маңдай терімен тапқан ақ адал дүниесін зар қақсатып олжалаған қымбат бұйымдары түгелге жуық табылып, иелері өз заттарын жазбай танып, ұрының кінәсі толық дәлелденді. Суық қолды ұрының денсаулығында кінәраты, дәлірек айтқанда мінез құлқында психологиялық ауытқушылығы болғандықтан, сот шешімімен мәжбүрлеп емдеуге жіберілді. Қызмет атқарған он жеті жылдың ішінде талай қылмысты дер кезінде ашуда өзімнің де үлесімнің бар екеніне марқаймын. Жасалған қылмыстың дер кезінде ашылуы халықтың полиция қызметкерлеріне деген сенімін бекіте түсетіні ақиқат.

Мінсіз қызмет құрметке бөлейді

«Қолдаушым сабыр, қорғаушым ақыл» деген қағидамен, шүкіршілік етер қанағатпен адал өмір сүріп, қызметтік атағыма кір келтірмей қызмет ете берсем деймін. Дос-жолдастарым, ағайын-туыстарым мен әріптестерімнің алдында беделімнің биік, абыройымның асқақ болып, жұмысымның ілгері басуына Ясина, Аймерей, Жанерке атты бүлдіршіндеріміздің анасы, отбасымыздағы ынтымақтың ұйтқысы, бірліктің бастауы, тіс дәрігері болып қызмет атқаратын аяулы қарым Дидараның ақыл-парасаты мен көрсетіп отырған қолдауына, қосқан үлесіне әрдайым ризамын», – деген Мейрамхан Темірханұлының сөзінен бала кезден сүйіп қалаған мамандығына, отбасына деген құрметті, сүйіспеншілікті айқын аңғардық.

Қызметтік міндетін адал атқарғаны, жұмыста жоғары нәтижеге жеткені, ауданымызда заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту ісіне қосқан үлесі үшін Мейрамхан Бапахов әр жылдары Батыс Қазақстан облыстық мамандандырылған күзет қызметі басқармасы мемлекеттік мекемесі басшылығы тарапынан, БҚО Полиция департаментінің бастығы, полиция полковнигі М. Абисатовтың, полиция генерал-майоры А.Жалмұханбетовтың, полиция генерал-майоры М. Аблазимовтың, Жәнібек АПБ-нің басшылары болған полиция полковнигі М. Қаташевтың, полиция подполковнигі Е. Қарағойшиевтің қолдарынан алған грамоталары мен Жәнібек ауданының әкімі А. Сағималиевтың атынан Алғыс хатқа ие болды.

Меңдігүл ФАЗЫЛОВА,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі,
Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейінің Жәнібек аудандық музей бөлімінің меңгерушісі

Бірыңғай жиынтық төлем (БЖТ) тек жеке тұлғаларға қызмет көрсеткен өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар үшін 2019 жылы 5 жылға уақытша енгізілген болатын. Ол төрт міндетті төлемнің түрін біріктірді: жеке табыс салығы (ЖТС); мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар; БЖЗҚ-ға зейнетақы төлемдері; міндетті әлеуметтік-медициналық сақтандыру қорына аударымдар.

ПӘТЕРІН ЖАЛҒА БЕРЕТІНДЕР ҚАНДАЙ САЛЫҚ ТӨЛЕЙДІ?

БЖТ-ның ай сайынғы мөлшері: республикалық маңызы бар қалаларда, астанада және облыстық маңызы бар қалаларда тұратын жеке тұлғалар үшін – 1 АЕК. Басқа елді мекендерде тұратын жеке тұлғалар үшін – 0,5 АЕК болды. Бұл сома «Азаматтарға арналған үкімет» МК-да былай бөлінді: 10% – жеке табыс салығы (ЖТС); 20% – әлеуметтік аударымдар (ӘА); 30% – міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ); 40% – міндетті медициналық сақтандыруға аударымдар (МӘМС).

Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің хабарлауынша, егер күнтізбелік жыл ішінде алынған табыс 4,1 млн теңгеден (1175 АЕК) аспаса, БЖТ төлеген азаматтар дара кәсіпкер (ДК) ретінде тіркелмеуге құқылы болды. БЖТ төлеу міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру шеңберінде медициналық қызмет көрсетуді пайдалануға, әлеуметтік жәрдемақы алуға мүмкіндік берді.

БЖТ қолдану кезеңі быыл 31 желтоқсанда аяқталады. 2024 жылдан бастап пәтерді жалға беретін азаматтар салықты мынадай тәсілдердің бірімен төлей алады:

1) Дербес кәсіпкер ретінде тіркелу және таңдалған салық режиміне байланысты салық төлеу. Мысалы, патент негізінде арнаулы салық режимі (АСР) – жеке табыс салығының мөлшерлемесі (ЖТС) 1%. Патент 1 айдан

бір жылға дейін сатып алынады; оңайлатылған декларация негізіндегі АСР – ЖТС мөлшерлемесі 1,5%, әлеуметтік салық 1,5%, есептілік жартыжылдықта 1 рет беріледі; арнаулы мобильді қосымша пайдаланумен АСР, ЖТС мөлшерлемесі 1%, есептілік ұсынылмайды, қосымша сіз үшін салықтар мен төлемдерді есептейді. Бұл ретте әлеуметтік төлемдерді де төлеу қажет екенін есте ұстаған жөн. Жеңілдікті санаттарға жатпайтын кәсіпкердің әлеуметтік төлемдерінің ең төменгі сомасы 2023 жылы 14350 теңгені құрады. Бұл кәсіпкердің пайдасына төленетін төлемдер (2023 жылға зейнетақы жарналары – 7000 теңге, әлеуметтік аударымдар – 2450 теңге, медициналық сақтандыруға жарналар – 4900 теңге) болды.

2) Дербес кәсіпкерлікті тіркеусіз: жеке табыс салығы бойынша декларация (240.00-нысан) жылына бір рет тапсырылады. ЖТС алынған кіріс сомасының 10% мөлшерінде табыс етіледі; пәтерді заңды тұлға немесе ДК жалға беру кезінде жалға алушы сіз үшін салық төлейді. ЖТС сомасы 10%, міндетті зейнетақы жарналары – 10%, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналар – алынған кіріс сомасының 2% мөлшерінде.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»



САЯСАТ

ИДЕОЛОГИЯСЫ ЖОҚ ПАРТИЯНЫҢ БОЛАШАҒЫ БҰЛЫҢҒЫР

Қазіргі таңда мемлекеттігі БҰҰ деңгейінде мойындалған 200-ге жуық елдің 93-інде экологиялық партия бар. Бұл тізімге 2022 жылы қосылған Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясы 2 желтоқсанда Алматыда өзінің алғашқы мерейтойын атап өтті.

Былтыр Парламент Мәжілісі мен жергілікті мәслихат депутаттарын сайлау қарсаңында ғана Әділет министрлігінен саяси партия ретінде ресми тіркеу куәлігіне қол жеткізген «Байтақтың» тарихы 2016 жылдан басталады. Алғашқы кезде «Байтақ Болашақ» экологиялық қозғалысы деп аталған республикалық қоғамдық бірлестік саяси партия ретінде тіркелу үшін 2022 жылға дейін Әділет министрлігіне 17 рет құжат өткізген болатын.

– Бүгінгі таңда партия мүшелерінің саны 42 мыңнан асты. Біздің жоспарларымыз: цифрлық партияның моделі әзірленуде. Дрондарды енгізу жобасы барлық салаларға, әсіресе ТЖМ және ЭТРМ-де өрт сөндіру үшін мониторингтік жобалар үшін бейімделеді. Су дипломатиясы институтын құру тұжырымдамасының жобасы әзірленуде. Партияның Жасыл саясат департаменті тұрақты негізде экологиялық жобаларға сараптама және экологиялық аудит жүргізеді. «Байтақ» энергетика реформасын, оның ішінде атом аспектісін жан-жақты зерделеу және адамдарға түсіндіру үшін ғалымдар мен сарапшылардың бірігуіне бастамашы болды. Биоалуантүрлік және қоршаған ортаны қорғау мәселелерін тереңірек зерттеу үшін партия жанынан Ғалымдар кеңесін құруды ұсынады. Саламатты өмір салты бойынша бірнеше жобалар жүргізілді. Климаттың өзгеруі жөніндегі жұмысты

жетілдіру мақсатында Халықаралық жастар ұйымын құруды жоспарлап отыр. Алматы апортын жандандыру бойынша жұмысты бастайды. Партияда халыққа жақын, бірде-бір үндеу назардан тыс және шешімсіз қалмайды. Партия сарапшылары Мәжілістің салалық заң жобалары мен шешімдер жобаларының жұмыс топтарына қатысады. Біз ESG принциптерін енгізумен айналысамыз, – дейді партия төрағасы Азаматхан Әміртай.

Қоғам қайраткері, ҚР Президентінің алғашқы сайлауында талдау тобын басқарған тәжірибелі маман, саясаттанушы Дос Нұрахметтің айтуынша, «Байтақ» өзге саяси партиялардан идеологиялық негізде құрылуымен ерекше. Ол бұл жағынан Қазақстандағы бірінші және жалғыз партия. Жалпы, қоғамдық ұйымдарда адамдарды идеология біріктіреді. Сондықтан адамға емес, идеологияға сену керек. Идеологиясы жоқ партияларда адамдар көшбасшының айналасына топтасады. Белгілі бір уақыттан кейін көшбасшы болмай қалса олардың да жұмысы тоқырай бастайды. Сол себепті адамдарды тұлғалар емес, қоршаған ортаны сақтап, қорғауға деген жауапкершілік, Отанға деген сүйіспеншілік біріктіретін экологиялық партияның болашағы өте зор.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»



ҚАРАУСЫЗ БАЛА ЖЫЛЫЛЫҚТЫ КӨШЕДЕН ІЗДЕЙДІ

Қазіргі таңда тек ересектер арасында ғана емес, жасөспірімдер арасындағы қылмыс белең алып отыр. Аса ауыр, әрі топтасып жасалған қылмыс жағдайлар 12-17 жас аралығындағы мектеп оқушылары арасында өте көп.

Ұлттық статистика бюросының статистикасы бойынша соңғы жылдары жасөспірімдер арасындағы тіркелген қылмыстардың өзі 1000-нан асады, ал тіркелмегендер қаншама? Көбінесе бұндай қылмыстар орын алған уақытта балаларды заң алдында жауапқа тартпайды. Оны ересектер өзара немесе мектеп арасында аз адамдармен шешкенді жөн көреді. Алайда, Қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі – балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, кемелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу болғандықтан заң бойынша әрекет етіп, бұндай жағдайлар қайталанбау үшін шара қолдану қажет.

Осы мәселеге байланысты психолог Турсынбаева Аққанаттың да пікірін білдік. Маманның ойынша, «Жасөспірімдер арасындағы қылмыс, құқықбұзушылықтар көбінесе отбасындағы тәрбиеге байланысты. Ата-аналар көбінесе балаларын қараусыз, қадағалаусыз қалдырады. Кемелетке толмаған баланы бүгінгі таңда қызықтыратын дүние көп. Әлеуметтік желілердің әсерінен-ақ бала әртүрлі

қылмысқа, еліктеулерге бой алдырады. «Ұядан не көрсен, ұшқанда соны ілесің» демекші, әке-шешелер көбінесе балаға дұрыс көңіл аудармағандықтан жасөспірімдер арасында аса ауыр жағдайлар көп болып жатыр.

Сонымен қатар, бұл мәселеге ортаның да әсері бар. Ата-анадан көрмеген жылулық пен қамқорлықты балалар көшеден іздейді. Егер де әкесі мен анасы жаман әдеттерге үйір болса, баласына зорлық-зомбылық көрсетіп, қараусыз қалдырса, балаға керек тәрбие бере алмаса, ондай жағдайда, оларды лезде ата-ана құқығынан айыру керек. Тәрбиеде алтын ортаны табу керек. Яғни, қатты қатал да болмау керек, баланы қатты еркелетіп жібермеу де керек. Бала тәрбиесі – үлкен жауапкершілік».

Жасөспірімдер арасындағы қылмысты азайту үшін ата-аналардың назарынан бөлек, балаға өзіндік ізденістермен қатар жақсы орта қажет. Жасөспірім өзін дамытатын, ой-санасын, таным-түсінігін кеңейтетін дүниелерге ұмтылуға тиіс. Бала тәрбиесі – үлкен жауапкершілік. Балалардың қауіпсіздігін қадағалау қоғамның міндеті. Өскеген ұрпақты қоғамға қажетті азамат ретінде қалыптастыру, оларды қылмыс секілді теріс әдеттерден арылту – ортақ мұрат.

**Тоғжан БЕРДАУЛЕТ,
Абылай хан атындағы
Қазақ халықаралық қатынастар
және әлем тілдері университетінің
2-курс студенті**



Адамзат тарихының сандаған ғасыр бойы жинақтаған тәжірибесі көрсеткендей қоғам мен мемлекет құрылымындағы күрделі құбылыс – тіл мәселесі болып табылады. Тіл – қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, құдіретті.

«Тіл тағдыры – ұрпақ тағдыры, ұрпақ тағдыры – ел тағдыры» деген ұранды ұстанған қазақ халқы ғасырлар бойы елі мен жерін, діні мен тілін сақтап



ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДІ ШЕКТЕУ – БУЛЛИНГТІ ЖОЮДЫҢ ШЕШІМІ ЕМЕС

Балалар арасындағы буллинг – барлығымызға таныс тақырып. Мектеп қабырғасында оқушылардың бірін-бірі төмендетіп, үрей туғызып, зорлық-зомбылық көрсетуі жиілеп барады. Мұндай жағдайдың орын алуы мұғалімдердің де, ата-аналардың да алаңдаушылығын тудырып отырғаны рас.

Үлкендер балалар психологиясындағы ауытқушылыққа, буллингтің орын алуына әлеуметтік желідегі ақпараттар мен бейнероликтердің әсері көп дейді. Балалар бос уақытының басым бөлігін смартфонды қарап, түрлі ақпараттарды көрумен өткізетіндіктен, ата-ана мен мамандардың алаңдаушылығы орынсыз дей алмаймыз. Дегенмен, әлеуметтік желілерді шектеу – буллингті жоюдың шешімі емес. Өйткені, ғаламтордағы ақпараттар

қалу жолында талай қиын-қыстау кезеңдерді басынан кешірді.

Өйткені, ана тілі мәселесі сол тілде жасаған, жасап келе жатқан халықтың өткені мен бүгінгісін таразылай отырып, болашағын танытатын, сол халықтың мәңгілігінің мәселесі.

Балалардың тілді білмеуі, ұмытуы – ұлтқа төнген қауіп. Сондықтан, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруді әр отбасы, әрқайсысымыз өзімізден бастауымыз қажет. Қазақстанда тұрып жатқан әрбір ұлт тілдік үйлесімді

**А.ТУРАКБАЕВА,
Ақтау қаласы №2
сотының әкімшісі**

ТАРАТУ

2. «BKM-2 Group» ЖШС, БСН 220540035243, өзінің таратылатын туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 020000, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 78 ғимарат.

3. «КазИнвестКапитал» ЖШС, БСН 190940001007, өзінің таратылатын туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, Сүндетқали Есқалиев көшесі, 303 үй, 15 пәтер.

4. «Тараз қаласы әкімдігінің тұрғын жай-коммуналдық шаруашылық жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тараз вокзал қызметі» КММ (БСН 211040022412) өзінің ерікті түрде таратылатын туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Жамбыл обл., Тараз қаласы, Привокзальный көшесі, 1 үй.

8. «КВАЗАР РК» ЖШС, БСН 230540033922, өзінің таратылатын туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, индекс 010000, Байқоңыр ауданы, Жұмабек Тәшенев көшесі, 8 үй, т.е.б.1. Тел.: 87015240250

9. «Де Сигнер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БИН 230140032533, өзінің таратылатын туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Ақтөбе көшесі, 278 үй.

10. «Қазақстан Республикасы Президентінің Телерадиокөшені» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, БСН 000540000463, өзінің таратылатын туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Z05T9D6, Астана қаласы, Есіл ауданы, Ақмешіт көшесі, 3 ғимарат. Тел.: 87172570245.

11. «ASL Co» ЖШС, БСН 100540000335 (Қазақстан, 110000, Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Складская көшесі, 7А үй) өзінің таратылатын туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, «Мирас» ықшамауданы, 157 үй, 562 пәтер. Тел.: 87056738888.

12. «EL GRANO» ЖШС, БСН 130540012017, «Компания ЮТА 8» ЖШС, қайта ұйымдастыруға байланысты «EL GRANO» ЖШС-ның құрамына кіретінін хабарлайды. Шағымдар Астана қаласы, Жаңажол көшесі 9, мекенжайы бойынша қабылданады. Тел.: 87773337171.

13. «B2B Saravan PTE.LTD» ЖШС, БСН 230440016295, өзінің таратылатын туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабар-

ландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Сарайшөк көшесі, 5/1 ғимарат, 294 пәтер. Тел.: 87027677777.

14. «KDG» ЖШС, БСН 140340004209, өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде тіркелу мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан, Астана қаласы, Жирентаева көшесі, 22/1, пәтер 13. Тел.: 87019932554.

15. «казтехстрой-09» ЖШС, БСН 190940034628, өзінің таратылатын туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Қарағанды облысы, Балқаш қаласы, Ә.Молдағұлова көшесі, 4 үй, 60 пәтер. Тел.: 87079836970.

16. «Сервисная компания «Коунрадский» ЖШС, БСН 220540027609, өзінің таратылатын туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Қарағанды облысы, Балқаш қаласы, Қоңырат кенті, зайцев көшесі, 15 үй. Тел.: 87023390301.

17. «UNIVERSE TRADE» ЖШС, БСН 170840003204, өзінің таратылатын туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Қарағанды облысы, Балқаш қаласы, Михаил Русаков ықшамауданы, 12 үй, 70 пәтер. Тел.: 87001163654.

18. «Школьный ИЖС» тұтыну кооперативі, БСН 180640027830, 2023 жылғы 29 қарашадағы Жалпы жиналыстың № 29/11/2023 хаттамасының негізінде таратылғандығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Грибоедов көшесі, 66/2 үй, телефон: +7 727 397 62 14.

21. «AML Technology» ЖШС, БСН 230840013710 (Қазақстан, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 38 үй, 81 пәтер, индекс 010000), өзінің таратылатын туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Жұмабек Тәшенев көшесі, 8 үй, т.е.б.1. Тел.: 87015240250.

22. «Brothers78» ЖШС, БСН 190240000479, өзінің таратылатын туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Сәтпаев көшесі, 90/30 ғимарат. Тел.: 87072107100.

23. «Сіргелі» өндірістік кооперативі, БСН 960340010829, өзінің таратылатын туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Түркістан обл., Сарыағаш ауданы, Қабланбек ауылдық округі, Чичерино ауылы, М.Есқұлов көшесі, 4Б құрылыс. Тел.: 87024527254.

24. «D and S» ҚБ, БСН 220540004510, өзінің таратылатын туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қостанай облысы, Қостанай ауданы, Заречное ауылы, Ленин көшесі, 5 үй, 45 пәтер.

ӘРТҮРЛІ

6. Қостанай облысы әкімдігінің 01.12.2023 ж. №910 қаулысы негізінде, Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Арқалық өңірлік ауруханасы» КМК (БСН 970940001368) Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Арқалық өңірлік емханасына» КМК (БСН 990240003342) қосылу жолымен қайта ұйымдастырылатын туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай облысы, Арқалық қаласы, Абай даңғылы, 15 үй және 86 үй.

19. Қостанай қаласы тұрғындарының назарына!
«Қостанай қаласы әкімдігінің сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ Тәуелсіздік-әл-Фараби және Бородин-Урицкого көшесінің шекарасындағы орамдағы құрылыс жобасын бекіту бойынша қоғамдық талқылаулар өткізілетіні туралы хабарлайды. Қоғамдық талқылаулар 20.12.2023 жылы сағат 11.00-де Қостанай қаласы, Тәуелсіздік көшесі, 144, 2 қабат мекенжайы бойынша өтеді. Сұрақтар бойынша жобаның тапсырыс берушінің өкіліне 87027980590 телефоны бойынша немесе «Қостанай қаласы әкімдігінің сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ-не, 87142541443 телефонына қоңырау шалуға болады.

20. «DauletMarket» ЖШС БСН 140740013133, жарғылық капиталының азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Түркістан облысы, Отырар ауданы, Шәуілдір а/о, Шәуілдір ауылы, Арқабай Құрманбаев көшесі, 4 үй, пошта индексі 160700.

МҰРАҒЕРЛІК

5. Алматы қаласы, Шаумян көшесі, 16 үй мекенжайында тұрған, 14.07.2023 ж. қайтыс болған Карабеков Даулет Сабитовичтің, 27.03.1967 ж.т., артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері жеке нотариус М.О. Тастеміроваға келуі керек. Мекенжайы: Алматы қаласы, Сейфуллин даңғылы, 470/105 үй, 32 кеңсе, тел.: 87272780468.

Шығыс Қазақстан облыстық сотының судьясы **Сәрсенбаев Санат Слямжанұлы** 56 жасқа қараған шағында кенеттен қайтыс болды. Мұндай кәсіби маманның өмірден өтуі әріптестерінің, отбасының және жақындарының жүрегіне ауыртпалық түсіріп, қабырғасын қайыстырды.

Абай облыстық сотының атынан марқұмның отбасына және жақындарының қайғысына ортақтасып көңіл айтамыз. Санат Слямжанұлының кәсіби судья және сенімді жолдас ретіндегі жарқын бейнесі біздің жүрегімізде мәңгі сақталады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтоқын көшесі, 4Б, 2 қабат, 3 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetysaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.

«KAIRO» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) РВК банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: pazar.reklama@gmail.com

ЖК «Trade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұргисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консултант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел./факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызыл-орда қ., Өйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажиева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Вьдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

Шырт ұйқыда жатыр едім, телефон қоңырауы оятты. Асығыс тұрып, тұтқаны көтердім.

– Ассалумағалейкум, Ереке, біздің ауданнан белгісіз адамның мүрдесі табылыпты, – деген Талмасың асығыс дауысы.

– Уағалейкум! Ммм... мекенжайын айт, – деп телефон қасында дайын тұрған қағазға тездетіп жазып алдым да:

– Қазір, барам, – дедім.
Тез киініп, көлігіме отырып, айтылған жерге жетіп бардым. Қаланың сырт жағы, біздің ауданға қарайтын үлкен арықтың жағасы екен, бір қарағанда көзге түсе қоятын жер емес, көпірдің астында фонарьларын жағып жігіттер жүр. Қастарына жақындадым. Тегіс амандасып, өлікке көз жүгірттім. Жастау әйел адам, көзі бақырайған қалпы ашылып қалыпты, тамағында жіңішке бау тәрізді жіп, кофтасы жыртылған, шалбары бір аяғынан толық шешілген, іш киімсіз. Криминалист жігіт жақындап келіп:

– Алдымен өлтіріп, сосын зорлаған сияқты, тағы зерттеймін. Буындырып өлтірген, қарсылық көрсеткен, тырнақ астындағы тері, балшық, шөп, керектің бәрін салып алдым, сараптама жасаймын. Міне, мына жерде қылқындырған тәрізді, – деп сәл ары таман жерді көрсетті.

– Мынаны қара, – деді.



ҚАС СУЛУДЫҢ ЖАЗЫҒЫ НЕ?

Жер кәдімгідей тебіліп, қазылып кеткен, шөптер жұлынған. Әйелдің бір аяқ киімі сол жерде қалған, сосын жанындағы шөптер жапырылып бері тартқан тәрізді. Бүкіл нәрсені ойыммен суреттеп қарап тұрмын.

Иә, біраз арпалысқан көрінеді, жан-жақтағы шөптердің мыжылғанына қарасаң анық көрінеді. Дөңнен де сүйрелеп түсірген тәрізді, езіліп сырғанаған жерлер бар.

– Өлгеніне қанша уақыт болыпты? – дедім криминалисте қарап.
– Бір тәулік, – деді.
– Бір тәулік бойы ешкім көрмеген бе? – деп уақсыз сұрадым.
– Өзіңіз де байқаған боларсыз, адам келетін жер емес, көпірден ешкім өтпейді. Бұл ескі көпір, анау кісінің иті келіп тауыпты. Сол кісі хабар берді, – деді

– Түсінікті... Талмас, сен сол куәгерден жауап ала берші, – дедім де, келіншекке қайта бұрылдым.

Кең маңдайлы, қиылған қасты, қара көзді, ұзын кірпікті, қыр мұрынды, жұқа ерінді, томпақ домаланған бетті сұлу келіншек. Шашы жайылған, өте ұзын емес, қап-қара екен. Саусағында неке жүзігі мен үлкен көзді екі сақинасы бар, мойнында алқасы, құлағында сырғасы тұр. Бәрі сары түсті алтынға ұқсайды, білегінде әйелдерге арналған механикалық сағат.

«Ұрлау ойында болмаған, ұры болса мыналарды сыпырып алар еді», – дедім іштей.

– Қол сөмкесі болды ма? – дедім жігіттерге қарап.

– Бұл маңнан қазірше табылмады, біз қарап жүрміз, – деп Ораз жауап берді.

– Іздендер, қалт жібермеңдер, – дедім.

Таң да бозарып атып келеді, дөңге көтеріліп төмен қарай қарап тұрмын. «Бұл жерге қалай келген, немен келген?» – деп жолдың үстімен ары-бері жүрдім. Қаладан біршама алыстау, оңаша жер. Бұл жерге көлікпен келді ме? Жаяу да келе алады, бірақ, ол үшін бірге келген адам танысы болу керек.

Күн сәулесінен төгілген жарық барлық жерге жайылып, көпірдің үсті анық көріне бастады. Көпірдің

үстінен бірдеңе анықтау мүмкін емес, жігіттер өз көліктерін толтырып тастапты.

– Ереке, мәйітті алып кетсек, – деді криминалист.

Басымды изедім, қайта оралып мәйітті көлікке салғалы жатқанда бетін ашып тағы бір қарадым. Қас сұлудың өзі, бір тәулік жатса да, әдемілігін жоғалтпаған, бақырайып ашық қалған көзі денеңді тітіркендіреді.

Сонымен жұмбақ өлім, аты-жөні белгісіз келіншек. Жасы шамамен 29-30 жас аралығында. Бірден іздеу салғандарды қарап шықты, осы екі тәулікте ешкім бұл келіншекті іздемеді, ешқандай арыз түспеді. Көрші аудандарға да сұраныс жасадық, жақын күнде ешкім іздеу салмапты. Жұмбақ! Бұл кім? Неге екі тәулікте ешкім іздемейді? Сайын, Сейфуллин көшелеріндегі кезекшелердің бірі ме дейін десе, сараптамада жыныстық қатынас тек өлі денеге болғанын айтты. Алдымен өлтірген, не үшін өлтірді? Қаланың барлық аудандарына ескерту жіберіп, бұл келіншекті анықтап алмақшы болдым. Еш жерден келіншекті іздеген жан жоқ, іліктің ұшын таба алмай дал болдым. Бір тәулік өтіп барады, түк таппай бастықтан сөз естіп кабинетіме келдім. Келіншектің фотоларына тесіліп қарап көп ойландым. Түрі анық көрінген фотоны алдым да Оразға бардым:

– Ореке, мына фотоны «Рейдерге» апар, теледидардан дереу үзбей көрсетсін, шұғыл ақпарат десін, барынша жиі хабарласын, телефон нөмірін жаз, таныған адам хабарлассын. Тездет, қылмыскерді ізін суытпай тұрғанда ұстауымыз керек, – деп тапсырдым.

Ораз жылдам шығып кетті. Мен бөлмеме келіп басқа шаруалармен айналысып кеттім. Екінші тәуліктен асқанда бір келіншек қоңырау шалыпты, біз салған фото суреттен өлікті таныған сияқты. Тездетіп келіншекке өзім бардым, қасымда Талмас бар.

Көрші ауданда кіші көшеде елеусіз жерде орналасқан дүкен екен. Аласа бойлы сары келіншек қарсы алды. Амандасып, өзімізді таныстырып болған соң:

– Дәмелі, біздің не себеппен келгенімізді түсініп тұрсыз ба?

– Нақты болмаса да түсінем.

– Сіздің фотодағы келіншекті танығаныңыз анық па? – дедім.

– Мен теледидардан көргенде шошып кеттім, расымен Құралай ма емес пе? – деп. Сосын неше мәрте қарап, Құралай тұрған үйге қоңырау шалдым. Құралай бірнеше күннен бері келмеді деді. Сосын сіздерге қоңырау шалдым, мүмкін ол емес шығар? – деп көзі бақырайып, ерні дірілдеп сұраулы жүзбен бізге қарайды.

– Құралай дедіңіз бе? Тегі қалай? Қай жердің қызы? Сіз қайдан танысыз? – деп Талмас бірнеше сұрақты бірден жаудырты.

Келіншек сәл сасқалақтап, жұтынып алды да:

– Иә, Құралай менің құрбым. Біз бір ауылданбыз, тегі Сәрсенқұлова, Алматыға бірге келгенбіз. Ол – шаштараз, мен сатушы болып кеттік, – деді көзінен жас ала отырып:

– Төрт үйден кейін шағын шаштараз бар, сол жерде жұмыс жасайды. Мен ол жерге әлденеше рет бардым, ол жұмысында жоқ... – деді сауағын шашайтып терезеден даланы нұсқап.

– Сізден басқа қандай таныстары бар? – дедім.

– Ол жағын білмеймін, мен осы дүкенде жатып істеймін. Ал ол пәтер жалдап тұрған. Сол пәтердің иесі, қасында Жадыра деген құрбысы бар, – деп ойланып отырды да, – Бірге жұмыс жасап жүрген қыздар, бастығы, ой танысы көп қой, – деді әлі ойланып отырып.

– Тұрмыста емес пе?
– Жесір әйел. Бір қызы бар, үш жыл бұрын күйеуі суға батып кеткен, қызы енесінде, – деп тағы ойланып кетті.

– Неге ойлана бересіз? – деді Талмас.

– Оған не болды? Фотода нақты ештеңе жазылмаған, тек кім таниды деп дереу хабарласуын өтінген. Құралай қайда, оған не болды? – деді көзінен жасы домалап.

– Неге жыладыңыз?

– Сіздер келген соң бір жамандықтың болғанын ішім сезіп отыр, өз-өзімді ұстай алмай отырмын. Өзі аман ба? – деді сұраулы көзбен Талмас екеуімізге кезек-кезек қарап.

– Өкінішке қарай, фотодағы қыз қайтыс болған, біз өлі денесін таптық, – дедім мен.

Дәмелі аузын алақанымен жауып селк ете қалды. Көзі бақырайып сұңсұр болып кетті.

– Сіз мәйітханаға барып, қыздың дерегін анықтап бере аласыз ба? – дедім

Дәмелі сәл ойланып басын изеді. Бәріміз жылдам қозғалып, мәйітханаға бет алдық.

* * *

Біз тапқан келіншектің Сәрсенқұлова Құралай екенін мәйітханада Дәмелі растап берді. Сонау шалғай аудандағы туыстарына хабар беруге мекенжайын жазып алдық.

– Дәмелі, сіз соңғы рет Құралайды қашан көрдіңіз?

– Құралай жұмыстан босай алмайды, демалысыз жұмыс жасайды. Тек айына бір күн ауылға ақша салғанда маған жолығады. Сол қай күні еді, қазір ойланайын... Иә, иә, сәрсенбі күні келіп кеткен.

– Сәрсенбі қаза болардан екі күн бұрын екен, – дедім календарға қарап.

– Сізге бір жаққа барам деп, болмаса басқа жаңалық айтты ма?

– Жоқ, еш жаңалық жоқ, ақша салдым, қызыммен сөйлестім деді.

– Есіңізге түсіріңізші, сөз арасында біреумен бір жаққа барам демеді ме?

Дәмелі біраз ойланып отырып:

– Жоқ, ондай ештеңе айтпады, жұмысы жақсы, табысы молайғанын айтты, көңілді болды.

– Сол көңілді болуының себебін сұрамадыңыз ба?

– Сұрадым, сол ойындағыдан көбірек ақша жинапты, жартысын өз анасына, жартысын қызына салғанына көңілді екен.

– Көп ақшаны мүмкін біреу берген болар, есіңізге түсіріңізші.

– Оған кім береді?

– Енді жас келіншек, қолдау берер ер азамат тапқан болар.

– Ой, Құралай ондай емес, ол өзіне біреуді жолата қоймайды, ақша тіпті алмайды, – деп басын шайқады.

– Сіз жақсылап ойланыңыз. Құралай қаланың сыртынан табылды, екі кештің арасында барған, қасында ер азамат болған тәрізді, – дедім.

Дәмелі ұзақ ойланып:

– Білмеймін... Неге, не үшін? Оның қала сыртына неге барғанын білмеймін. Қасындағы құрбысы білер, мен білмедім, – деді

– Жақсы, Дәмелі, сіз боссыз!

Мына қағазға қол қойыңыз, біз сізге хабарласамыз, – деп шығарып салдым.

Оразды шақырып, бірден Құралай тұрған пәтерге бардық. Пәтер дейтіндей пәтер емес, жекеменшік үйдің ауласына салынған бір бөлме

екен. Үйдің иесі толық келген, егде жастағы әйел қарсы алды. Ұзын халат киген, басында орамал, аяғында жеңіл тәпішке, біздің құжаттарымызды көріп түрі бұзылып кетті:

– Бұл қыздар тыныш, тәртіпті. Мен аз ғана ақша алам, өз туғандарымдай көрем, – деп есі шықты, бөлмеге жақындағанда:

– Жадыра, ау Жадыра, – деп есікті ақырын ұрды.

Сәл кідіртіп есікті Жадыра ашты. Ұйқыдан жаңа тұрған ба, мыж-мыжы шығып, бет-аузы тырысып-пырысып, көзін сығырайтып бізге қарап шашын жөндеді.

– Жадыра, сендерге келіпті, – деді үйдің иесі.

Жадыра ойланып бізге қарап тұр. Тәртіп бойынша құжаттарымызды көрсетіп, ішке кіруге рұқсат сұрадық.

– Кіріңіздер, – деп өзі бізден

бұрын ішке енді, артынан ілесе біз де кірдік.

Жадыра бірден терезені ашып, жиналмай тұрған төсегін тез ретке келтірді. Кішкентай шағын бөлме, қарама-қарсы екі төсек тұр. Арасынан екі адам ғана өте алады, аяқ жақта есіктің қасында биік тумбочка, үстінде газ, оның қасында шағын жозы жарға тақалып қырымен тұр. Қабырғаға жабыстырылған шкаф, жанында тақтайдан жасалып, жарға қағылған киім ілгіш, шымылдықпен жабылған, астында киім ілінген. Екі төсектің арасына жұқа шағын алаша төселген, газ бен төсек арасында ескілеу киіз, үстінде шет жағында ескі құрақ көрпе. Есіктің оң жағында қол жуғыш, жанында таза орамал ілулі тұр. Төмен жағында екі қатарлы аяқ киім қойған полқаға аяқ-киімдер ұқыппен қойылған, бөлме шағын болса да көлденең жатқан ештеңе жоқ. Жадыра төсекті көрсетіп:

– Отырыңыздар, – деді қобалжыған дауыспен.

– Жадыра, сіз Сәрсенқұлова Құралайды танысыз ба? – дедім.

Жадыра басын изеп қарсы төсекті көрсетіп:

– Біз бірге тұрамыз, – деді.
– Құралайды соңғы рет қашан көрдіңіз?

– Құралайды сенбі күні таңертең көрдім, ол бірнеше күн болды келмей жүр, – деді.

– Құрбыңыз үйге келмепті, неге іздеу салмадыңыз?

– Мен сенбі таңертең өз жұмысыма, ол өз жұмысына кеткен. Бір тәулік жұмыста болдым, жексенбі күні таңертең келіп, күні бойы ұйықтап, екінші жұмысыма қайта бір тәулікке жұмысқа кеттім. Басында оны үйге келіп жүр деп ойлағам.

Біз бірге тұрсақ та бір-бірімізді сирек көреміз. Кейде мен жұмыстан келгенше, ол кетіп қалады, кейде ол жұмыстан келгенше, мен кетіп қаламын. Құралайдың келмей жүргенін бүгін қожайын апай айтты. Бір шаруалары шыққан болар деп ойлады, шаршап тұрған, жата қалған, кешке қайта түнгі сменге кетем, – деді қинала, қорқа сөйлеп.

– Түсінікті, – деп жан-жағыма қарадым, Құралай төсегінің тұсына фото суреттерін іліп қойыпты. Ер адамның мойнына асылып күлімдеп тұр, келесі фотода ақ той көйлекпен күйеуімен қол ұстасып отыр, үшінші фотода құндақтаулы сәбегі мейірім төге қараса, төртінші фотода кішкене қызбен айналасып отыр. Тесіліп ұзақ қарап Құралайдың әдемілігіне сүйсініп кеттім.

Жеңісгүл ТУРСУНБАЕВА

(Жалғасы бар)